

КАЗ. 93.  
845 КазМ  
А 45 - К

# Сансызбай Алпысбайұлы

Бір қуанып,  
бір өкінген өмір-ай!..



28.06.17 - 18/✓  
28.07.2017



Сансызбай Алпысбайұлы



55163 · 2500

*Бір қуанып,  
бір өкінген өмір-ай!..*  
(шерлі көңіл сыры)

Көкшетау, 2005 ж.

Бұл жырлар өлең жазуды көсіп етіп  
жүрген емес, жаралы жанын қасиетті  
жырмен емдеп жүрген адамның өзінің сол  
жай-күйі мен өз ойын ақ қағазға өлеңмен  
түсірген жан күйзелісі.

*ISBN 9965-23-004-8*

## **Қағазға тамған көз жасы**

### **(Алғысөз орнына)**

Бұған дейін де бірді-екілі жыр жинағын баспадан шығарған Сансызбай Алпысбайұлы өзін ешқашан да ақынмын деп көрген емес. “Менің бір басымның қайғысы мен қасиretі де, жанымның азабы мен күйзелісі де өзіме ғана аян. Бұл өлеңдер сол күйзелген, тіпті кейде күйінген сәттерімнің көз жасы”, — деп бұл жолы да қол жазбасын қойын қалтасынан алып қолыма ұстатқан ағаның қолын қақпадым. Өйткені Сәкеңнің жан-жары Фалиясы дүние салған бес жылғы кезеңнен бергі қайғысын да, қасиretін де көріп, біліп жүрмін. Шындығын айтайын, біз де өйелі өлгеннің бір талайын көрген едік, алайда жардың қазасын осыншалықты қазыла қайғырған, тіпті кең дүниеге сыймай аласұрған, көз жасын бір құрғатпай егілген, ах үрғанда қабырғасы сөгілген ер-азаматты көруім де осы. Мұны ақырғанда айбыны бар, ашу қысса айқайы бар Сәкеңнің осал, боркеміктігі деуге аузым да бармайды. Бұл бәлкім, бөгде де бөтен жан иесі біле де, сезе де бермейтін ерлі-зайыпты жандар арасындағы құдіретті бір сезім болар деп ойладым. Фалиясына деген сұйта алмай жүрген сол сезім мен Сәкеңнің жан күйзелісінің өлең болып ақ қағазға түскенін құптағым. Өйткені, сынарынан айырылған аққу ғұмырлы Сансызбайдың қазіргі қасиretін осы ақ қағаз болмаса өзге ешкім де, тіпті оның өз жүргегі де көтере алмайтын болар еді. Бұр жырлар оның қағазға тамған көз жасы. Ендеше осыншалықты неге жылайды, неге егіледі деп бұл жырларды сөге көрменіз.

**Жабал Ерғалиев,  
жазушы.**

## **Наурыз күнгі ой**

Мына тұрған ауыл бармыз,  
Жайылсын бәріміздің күшағымыз.  
Ұлыстың Ұлы күнін қарсы алып,  
Қайырлы құтты болсын Наурыз!

Не көрмеген біз қазақпыз,  
Ежелден жуас, момын халықпыз.  
Әңгір таяқ ойнатқандарды,  
Аспен үндемей-ақ женген жанбыз.

Қадірлек қастерлеген ата-бабамыз,  
Жетпіс жылда да ұмытқан жоқпыз.  
Соңғы он жылдан аса,  
Бүкіл ел бол тойлап жатырмыз.

Келіп тұрған қой жылымыз,  
Ұйықтап қалмай сақ болыныз.  
Мерекелі берекелі бола берсін,  
Семіз, сегіз жұмсағымыз.

Жеткенге осы күнге қуанамыз,  
Арнадым өлеңімді бір екі ауыз.  
Қазағымның туы биік болсын,  
Ел болып қашан да тойлаймыз.

Әлі де көп жайды ойлаймыз,  
Бекісе екен жас Отанымыз.  
Түгел тұған тілде сөйлесек,  
Жүрмейміз бе аяқты басып нығыз.

Жерімздің асты-үсті байлығымыз,  
Кәсіп етсек жабыла барлығымыз.  
Болмас па екен бұл өмірде,  
Патша да, халық та армансыз.

**21.03.03.**

## **Әлі де күтем**

Кейде бір еске алам,  
Аманатым бар деп сң Фалиям.  
– “Бас аяғы балаларың екеу-ақ қой,  
Ренжітпессің Сәкенім тапсырам!”

Көтермей басты көз жасынан,  
Қыла қасынтың қызығымен қараған.  
Егер де тұра алмасам берік бол  
Дегенінді естен қалай шығарам?!

Айманым, қызыым балам,  
Айтпап па еді мамаң.  
Әкең жайы женіл болмас,  
Құдайдың ісі көз жұмсам.

Ұмытпаймын айтқаныңды, Галяжан,  
Не болса да шыдал багам.  
Құш-қуатым мезгілсіз таусылса,  
Амал жоқ бұйыртсын орын жанынан.

Е, балаларым, жүре бер есен аман,  
Түгел ғой сендердікі барында папаң,  
Есік алды төртінші көктем,  
Бір сәт қана ойға салсан.

Осылай жүргеніме әбден қысылам,  
Жетті ғой дейді бүкіл туған.  
Күтіп жүрмін бір ауыз сөз,  
Ендігі ақыл сенен, балам.

Елегесін талай жерге шақырған,  
Ең болмаса анда-санда мамаң.  
Айналышқтап мазам кеткенде,  
Жиналушы еді деп бірге барам.

Осы күні жүресін кимай үялғаннан  
Көрінесің сыйласқанның құлы болғаннан.  
Жалғыз бойың сыймай қайтасың,  
Үзілісте біреу күгандай дастарханнан.

Екеу болып ақыл толған,  
Келісімінді әлі күтем балам.  
Мұршасының біткенін күткенің бе.  
Осыншама нә қылып ем данам.

Аз емес мұқатқан мені адам,  
Қашанғы оларменен алысам.  
Не боларыңа көз жетеді,  
Кешегі анандай ертең сұласам.

Барымның, жиғанымның балам,  
Иесі өздеріңсің әлде қашан.  
Бала-шага емессің,  
Жалғыздығымды түсінбегендеріне таң қалам.

Басың қатып сандалған,  
Туғаң балаң қолдамаған.  
Бір тұжырымның болмағаның,  
Кімге айтасың кім нанған?!

Өкінссің толғанасың осыған,  
Күн сайын қосылады жасыған  
Шіркін-ай, арман ба екен,  
Өз жаранды өзің қасыған.

Жоқпын әлі естен айырылған,  
Болмашыға аттап қия салған.  
Көрсетпесін қалған жаста,  
Анаң өткендеңідей сағың сынған.

Тағы да өтейін деп алдыңнан,  
Жайдан жай емес бұл жазған.  
Еш көштен қалғамын жоқ,  
Ой жүгіртші асықпай, балам!

**06.04.03.**

## Қамығу

Не көрмеген сорлы басым,  
Қысқа өмірде не қыласын.  
Мезгілсіз айырылсам да Галымнан,  
Тұрмыс билеп адыра қалғасын.

Не кездеспеген қаралы басым,  
Береке кетіп шашылғасын.  
Біраз уақыт үміт артқан,  
Тағы да ақталмайтын болмағасын.

Не көтермессің жүк боп салғасын,  
Мұлде жалғыз боп қаламысың?!  
Әрі қарай шамам жоқ.  
Жазғанынан тағдырдың асамысың?!

Ей, боталар, өлің тірің,  
Айтсаншы, тез ақыл бірің!  
Қатырып басты қойдындар,  
Адасканым ба өлде менің.

Иттен әрі кісіден берің,  
Болғанымен жүрер-тұрар жерің.  
Арба сынбас, өгіз өлмес,  
Балаларым, не кешпес әкелерің?!

Ми ашып өмір сүргенің,  
Ерсі көрініп те құлгенің.  
Жалмауыз қу қақ бастай,  
Ешқайда бойың сыймай жүргенің.



## **Әлі де жылауменен өтемісің?!**

Тәнірім алғаныңды қайтып беремісін,  
Дәм-тұзы біткендерге өлде ертемісің?!  
Қосағымды қүнде жоқтап,  
Қысқа өмірім жылауменен өтсемісін.

Армандаған мұратыңа ертең жетемісін,  
Жалғыздықпен қайғыға әлі көнemісің?!  
Дәмсленіп тағдырдан жүргеніндс.  
Сығырайған жарығым мұлде сөнemісің?!

Тұыстарым жайымды мына көремісін,  
Жалғанды қалатұғын күтіп бөлемісін.  
Белгіз арада қанша боларыма,  
Откендерден аса мықты деймісің?!

Ешкімің тыңдамай осылай жүремісін,  
Бабалар жасынан артық сүремісің?!  
Қақбас болып қалғаныма,  
Дос-дүшпаның бірдей күлемісің?!

Бос өткен уақытқа өкінемісін,  
Тұрганда жақындарым біреуге өтінemісің?!  
Аңқылдаған ақ басым үшінші рет,  
Жаста қалған тағы сүріnemісің.

Жұма сайын кетіп келемісін,  
Өкем бар деп балаларым елеймісің?!  
Соқыр, саңырау сияқты,  
Міз қақпайсындар білемісің?!

Көтерем деп уайымды өшемісін,  
Өз шаруанды өзің шешемісің?!  
Ойымдағыны іске асырсам,  
Балаларым әкеңді кешемісің?!

Бірің тұрған анаңның өзімісің,  
Бірің тұрған анаңның көзімісін.  
Ақылдары жетсе тыңдағаны дәреже,  
Тыңдамаса жасыңа жетпей шөгемесің?!

Тоқтатпай көздің жасын төгемісің,  
Тағдырым тағы неге жегемісін?!  
Құн мен айым қайта туып,  
Жағдайға бұрынғыдай жетемісің?!

Шыдамың жетіп әрі көнемісің,  
Қыз бен ұлым ренжіткеннен өсемісің?!  
Ұнатқанын үйге алып келсе әкеleрінді,  
Қара жерге тірідей көмемісің?!

Жалғызыдан шаршағасын жүдеймісің,  
Құн өткен сайын үдеймісің?!  
Ештеме шықпай мына тіршіліктен,  
Үміті өбден үзілген қүйдемісің!.

Аңты тұшы араласып түйреймісің  
Ашынып жүріп бірақ қүйреймісің?!  
Адал еңбегім мен ақ көнілім,  
Алға әлі біраз сүйреймісің?!

**14.01.04.**



## **Өз анамдай сағынғасын**

Жай емес қой шаршарым,  
Келген сайын балаларым.  
Еңсөлөрінді бір көтермей,  
Не қып ем сонша бермейтін қабақтарын.

Үш жыл, үш ай жоқ аналарың,  
Шыдаймын әлі ашылмасын араларың.  
Қырғи қабақ бітпейтін түсінбеймің,  
Жайбарақат ойға салмай әкең жайын.

Демалыссыз жетесіндер әрдайым,  
Шыққанына бір жағымнан ризамын.  
Қызғаныш пен іштарлыққа жабыспай,  
Тілін ңеге алмайсындар жаны ашитынның!

Көңіл басар өлеңдер жазамын,  
Көп уақыт жұмыспенен алданамын.  
Серпіліс қажет маған сияқты  
Қақбас болып қашанғы қаламын?!

Аз ба, көп пе қалған жасым,  
Тегін емес артыма қарамасым.  
Уақыты тоқтайтын болғандай,  
Нағашыларыңмен маған таласың.

Сап-сау жүріп жүрекке батқасын,  
Тұла бойдың жазылмайтын жарасын.  
Ана жаққа бірақ әкетермін,  
Дәм тұз және сөүлө таусылғасын.

Не кездеспеген өмірде сорлы басым,  
Үсті-үстіне бейнектерге кез болғасын.  
Аруақтардың жебеп желегені ме,  
Кем болғаны сендердің көз жасын.

Ренжімендер неменеге жазасын,  
Еске түсे қайталаі айтасын.  
Әсері шығар қажығаннан ба,  
Фалияжданды өз анамдай сағынғасын.

Сендерді құдайым ешкімге жалындырмасын,  
Сағынды енді мезгілсіз сындырмасын.  
Аман болып сау жүріп,  
Анаң мен мениң арманымыз іске ассын.

Кім екенін Сансызбайдың Фалиясын,  
Тастап кетсе де қасірет қайғысын.  
Ерік бермей сезімге балалар деп,  
Түсінер, білер көріп жүрген бастағысын.

Білмеймін өмірдің әлі жалғасын,  
Ауыр жүкті тағдыр басқа салғасын.  
Өздерің деп жүргенімде белгісіз,  
Қай жерде қалай домаласын.

Тілі майда туыстарды тыңдайсын,  
Балаларыма ештесе айтпайсын.  
Көріскенге жиналғанда мәз болып,  
Жарайсың деп сыртымыздан қоштайсын.

Бірің өзі, бірі көзісің,  
Үңіле қарасам Фалиямның өзісін.  
Деймісіндер тағы осынша жас жасар,  
Әкең мұнын неге түсінбейсің?!

Қараңдаршы айналана жүргенін.  
Мендей кісі болса көргенің.  
Әлі де қарайлаймын сендерге,  
Токтасаңдар ақыл, жөнге білгенін.

**18.06.03.**

## **Жалтақтап балаларыма...**

Бар ма екен жан,  
Шығатын бір жағынан.  
Жүйкен тозып біткенде,  
Қалғанымда жарымнан.

Керексізбің, асты үш жылдан,  
Сезінемін сөгілемін әрқашан.  
Жүргенім қарап балаларға,  
Болса дағы өз шаруам.

Бітпейтін бұл не қылған,  
Сары уайымнан арылмаған.  
Барым да, жоғым да зиратың,  
Қашан өтсем батынам.

Суша аққан мына заман,  
Белгісіз ертең не болам?!.  
Қалың қалай дегендерге,  
Қарай алмай, үялам.

\* \* \*

Сыйлағаннан әр жерде жүрем тұрам,  
Әлі жалғызбысың дегендерден қысылам.  
Сәті болмай жатқан іс емес,  
Жалтақтап балаларыма тағы қалам.

Тұыстарым шетінен жаны ашыған,  
Көріскен сайын мазаланған.  
Балаларға қарама дейді түгел,  
Оларменен кім болғаным артынан.

Есептемін әйтеуір болып бір жан,  
Артығы көрмеу бұлай болғаннан.  
Қолыңның жеткені неге керек,  
Сүйемесе оңыменен солыңнан.

**21.07.03.**

## Ойламаймын өзімді...

Айналдырмай істі ұтымды,  
Кетіріп береке, құтымды.  
Не таптыңдар екі жыл балаларым,  
Андығаннан іші-сыртымды.

Ойламаймын қара басымды,  
Сыйламайсыңдар ма мына жасымды?!

Жалғыздық онай дейсіндер ме,  
Болдыңдар жаңғыртып атымды.

Мезгілсіз шайқалтпасын қосағынды,  
Көрер ем сонда кәрі-жасынды.  
Басы сау, бауыр бүтінге нә жетеді,  
Куанышпен өткізе алсаң заманынды.

Жүргесін ақсатқызбай шаруамды,  
Алдымса сап білгенімді барымды.  
Көнілім қанша бөлінсе де  
Сарғайып сағынамын Фалиямды!

Кіргізе алмай үйге досынды,  
Тоса алмай оған асынды.  
Шығарып сырттан салғаның,  
Сезініп кейін үятты болғанынды.

Өзінен өзің байлағандай бағынды,  
Тырысқанмен жылытуға босағанды.  
Балаларым, әлі жүрсің,  
Көлденендең жолатпай ұнағанды.

Құртыңдар жиылып соғы қуатымды,  
Тылмай ызаларың, кесіп жолымды.  
Құдай алдында айтарым,  
Даяр әкең, алып кетсе жанымды.

Алыс емес көрерсіндер кеш болғанды,  
Шешелеріннің орнын қимағанды.  
Тірлігімде сыйламаған дүние салсам,  
Сұрайтыным өтірік көрсетпендер жылағанды.

Жалтақтатқызып балаларға қарағанды,  
Тұystарым кешірерсің бауырынды.  
Жетсем екен соңғы сапарға,  
Алғанындаі әкемменен қайын атамды.

Кім көрген тірідей қор болғанды,  
Түсінє алмай балаңмен зар болғанды.  
Жік-жігінен шықпайтын,  
Мандайында екі елі сор болғанды.

Естуші ем анашымды шыдатпайды,  
Апаларындаі қайсарланып бір қайтпайды.  
Енді соның жалғасы болғаны ма,  
Келмей сөзге ешкімді жолатпайды.

**28.07.03.**



## **Болдым ата, нағашы**

Жарты қыс, жаз бойы,  
Жүріп ем көп ойлы.  
Көрем бе деп бейнєтсіз,  
Тағы қызық осы жылы.

Бір арманым жиенімнің туғаны,  
Мейрам күні Ата Заны.  
Қуанышта шек қалмады,  
Баламның қалып аман жаны.

Осы ма таңымның ағаруы,  
Жұлдызымынъң жарқырауы.  
Қара түнекте жүргендей ем,  
Көңілдің шайдай ашылуы.

Тағдырдың басты қатырғаны,  
Кемістік кемшіліктің қалмағаны.  
“Ата болдың” дегенде,  
Білінег аздап бойдан тарағаны.

Тұыстардың да бөлісіп қуанғаны,  
Тұсінем фой олардың мені қолдағаны,  
Хабар тие жетіп келіп,  
Жарасқандай тұні бойы тойлағаны.

Осылайша болдым ата, нағашы,  
Балаларым тапсырады атын қойшы.  
Немерені жұрт тәтті дейді,  
Мәз-майрам мен де болайыншы.

Аз ба еді менің толғанғаным,  
Сағынып Фалиямды сандалғаным.  
“Жезде ойдағыдай” деп естігенде,  
Не дерің бар, отырып ап жылағаным.

Ауылдың үлкен-кіші құттықтағаны,  
Ол да бір азаматын сыйлағаны.  
Ерекше қасиет пайда болғандай,  
Апыр-ай, мен ғана ма ата алғашқы және соңғы.

Күшті болсын жиенімнің назары,  
Өсіп, өніп толсын қатары.  
Алғашқы сезімі қуанғаннан Сансызбайдың,  
Осы болды айтары мен жазары.

Сүйіншіге атадым бір жылқыны,  
Емеспін бе қызыымның ең жақыны.  
Анасы жоқта үндемей қалып,  
Күнә болар ескермесем жан олжаны!

**03.09.03.**



## **Жиен әсері**

Ойлаушы ем нендей сезім,  
Ата болудың не екенін.  
Бір күндей болған жоқ,  
Енді міне жеткенім.

Сезінесің айналаның кеңін,  
Тұрғандай биігінде әлемнің.  
Маған да тақағаны ма,  
Үлкендіктің басыма менің!

Ауырлығы батса да өмірімнің,  
Қатып қалған жібігендей көңілім  
Ойдан бір шықпайсын,  
Әр қылышы өткен, өшпес кезеңнің.

Қызығына кім жеткен дүниенің,  
Өкінемін Фалиямның көрмегенің.  
Мына қуаныш ерекше сияқты,  
Жүрмін орынында ана менен әкенін.

Арналып туғанына жиенімнің,  
Толғана жазғанда өлеңімнің.  
Жалғаса беруі ғой әлі,  
Бойды алған қинаған әсерінің.

Немере дегенде ендігі күтетінім,  
Кішкентай кісіге айтып тілейтінім.  
Көз алдында тәтті еркелеген,  
Жетіліп ертең қанбай иіскейтінім.

**06.09.03.**

## **Алла қоста**

Ауыртпашылық билегенде мына жаста,  
Не келіп ňе кетпейді мына басқа.  
Түйіні болмаған өмірім-ай,  
Өтемісің егіліп көз жасқа.

Шаш ағарып мандай қасқа,  
Жүйке тозып шаруа баста.  
Жұрт соңында қалғың келмейді,  
Қанша жүрсем Алла қоста!

Уақытым өтпесе де құр босқа,  
Мазалайды сай емес деп тұрмысқа.  
Жанашырлар екеу бол дейді,  
Күлкі болмай, дүшпан - досқа.

**14.09.03.**



## **Елу жеті жасқа толғанда**

Толғанымда жасқа елу жеті,  
Байқалады өмірімнің бір шеті.  
Болашақты тамсанып ойлағанмен,  
Адамның өзгере ме келбеті.

Ырымдағанмен санды жеті,  
Кетпесін бастың құт берекеті.  
Алпысқа таяп қалғанымда,  
Тағдырдың болмас енді кереметі.

Үйренсе де әр немеге дене еті,  
Беретінім жылда садақа мен зекеті.  
Ақсағаным аз емес сондағы,  
Аулақ болғай өртүрлі пәлекеті.

Белгілі ғой бір басқа ңе қажеті,  
Кем емес толтырар оны әрекеті.  
Әзер болса қалармын көз жүмғанша,  
Қақбас атты ауылдың көрі иті.

Кім болмасын үзілмесін үміті,  
Мұңсыз, ойсыз ауырмай бауыр еті.  
Жалғанда жалғызық қыын екен,  
Келгенінде жасқа елу жеті.

Заман-ай, кешегі келді кетті,  
Мұратына армандаған кім жетті?!  
Сансызбайдың туған құні жағдайын,  
Еске алып тағы бір құні өтті.

Шыққанда жасқа елудің төрті,  
Фалиямнан айырылып лездे күрті.  
Аман сау болса келер еді,  
Биыл жасқа елудің төрті.

Қысқа өмір болғаным ала түсті,  
Бумен ғана жібітссің қара күсті.  
Қандай әдіс бар екен кетіретін,  
Көнілден шықпай қойған кіршікті.

Ұят деп атқарсан да талай істі,  
Аянбай жұмсасан да бар күшті.  
Әкелеріңен жүргенін түсінбей,  
Балаларым тоқтатпайсың керісті.

Тоқтамай бастың қайғы-қасіреті,  
Тұрмысыңың болмаған соң қасиеті.  
Барыңың не керегі бар,  
Толғаныңда жасқа елу жеті.

**31.10.03.**



## Ой жинағы

Барап жерге қашанғы,  
Жүргенің жалғыз тағы.  
Осыдан бір арылсам,  
Тұр ма сонда бастың бағы.

Сіңіп қалған көп жылғы,  
Таусылмайтын қасірет қайғы.  
“Мысқылдап” жүріп күнінде,  
Ортаға түсеге ме шаңырағы.

Өзгеріс жоқ бәрі бұрынғы,  
Жазған сайын айтамын ақырғы.  
Ойға түскенімде шыға берсін,  
Осы өлең де болмай соңғы.

Жүрсем де шепте алдыңғы,  
Қалар емес бірге қатардағы.  
Ауыл қамы оңай емес,  
Ойлайтыным жатсамдағы, тұрсамдағы.

Көзімнің қарасы мен ағы,  
Өмірімнің қалған шағы.  
Өтсө екен ренішсіз,  
Мұлдем сынбай әкең сағы.

Ізбасарым, адамның ертеңгі болашағы,  
Байланысты қалай болады қосағы.  
Сондықтан оқы-тоқы ерінбей,  
Өсіп өн, болмай кісі жалтағы.

Жұмысқа баруға дала қараңғы,  
Ерте тұрып бір танғы.  
Қағазға түскені осы болып,  
Күнделікті қысқаша ой жинағы.

## **Алмазым жиырма жаста!**

Тұған құнің жиырма жасын,  
Ізбасырым, қайырлы құтты болсын!  
Бауырларың аман болып,  
Өмірің ұзак, баққа толсын!.

Кәмелетке толғаныңда анашың,  
Іштей-сырттай бөлісе куанышын.  
Айтқаны естен шыға ма:  
-“Алмазыма тілеймін дүниенің бар жақсылығын!..”

Әкесіне қанат құйрық болсын,  
Дегенін арамызда жоқ анасын.  
Баламның бүгінгі тойында,  
Қалай ғана еске алмайсын?!

Айналып жүргендес мына басым,  
Қосылғанда тағы бір жасың.  
Қартайдым ба, шаршадым ба,  
Өксіген өзегімді басасың.

Аз уақыт қалған бітіріп оқуын,  
Көре алсам ата болғанын,  
Бар тілектер іске асып  
Орындалар ма ең арманым?!

Мамаңменен біз балапаным,  
Қиялдаушы ек болашағың.  
Жеткеніңің шетін көрсек,  
Боламыз деп құрмалдығың.

Әттең, тажал ажал сұмын,  
Әкетіп ананды мезгілсіз бұрын.  
Жеткізбеді қуануға бірге,  
Бүгінгі қайталанбайтын күнге жаным.

Басыңа іс түспей қыын,  
Қуаныш қызық құлкі ойын.  
Қаштан да туыстармен араласып,  
Ұлым-ау, бола берсін жиын.

Енді өз шаруасымен өзі Айманым,  
Қалғандарының білесің жайын.  
Өкен болса жас емес,  
Негізінде өзіңе өзің сиын.

Маған осы күнге дейін,  
Білдіртпедің мінездің бөтенін.  
Байқалады анда санда,  
Апан сөзін көбірек елегенің.

Қолдай жүр Алла құдайым,  
Аман сау жүр ылайым.  
Жалғыздың жалғызын сақтай гөр.  
Тұғырында қанат бітіп ұшайын.

Қаштан да, балам, саған айтарым,  
Осыменен он шақты өлең арнадым.  
Аз ба көп пе алақанда өсірген,  
Жоғары ұста атын ата-анаңың.

Жасыңа жетпей жалғызым,  
Көр меші сен түрмис азабын.  
Кездестірсең ұтылмайсын балам,  
Қара табан ақ сүт өмген ауыл қызыны!

Сөк пе мені айтабереді деп ақылын,  
Көзім жеткен кімнің кімге жақынын.  
Осы қүні еске түседі,  
Талай айтқан ақылы ата-анамның.

Алмазым, ұлым, айналайын!  
Білесің сенен жасырмаймын.  
Шыдамым жеткенімен жалғыздыққа,  
Әлі де өздеріне қарайлаймын.

Өмірдің көрген жеңілін де ауырын,  
Белгісіз ұлкендердің қанша тұрарын.  
Кейінгі ұрпақ бірге болындар,  
Алмазым, бола алады бір бауырын.

Таусылмайды айтарым да, жазарым,  
Саған деген ынта назарым.  
Бір өзің дегенде әкеңнің,  
Ұмытпассың өмірі жетсе даярын.

Айтушы еді анаң Сары Алтыным,  
Сезбей өзі өмірдің бұлай тұрмайтынын.  
Ер жеттің енді азамат болсан,  
Білерсің әкеңде басқа арманның болмайтынын.

Жинадым елдің аға, атасын,  
Берсін деп болмаса батасын.  
Ұлкендерге риза болып,  
Көңілің тола, тоя қаласын.

Ойымызда күндеңі өмір кім болмасын,  
Елімізде бейбітшілік жалғассын.  
Туғандар түгел айтқаның кеп,  
Балам менің бес жиырма жасасын.



## **Таусылар бұл өмір де...**

Алман ешкімен қарғыс-ай,  
Тыным таппай ақ басым-ай!  
Жанынды жеп жүргенінде,  
Мезгілсіз сұлайсың ғой байғұс-ай.

Жүрген мендей жалғызба-ай,  
Көздегенді балаларым жолатқызбай.  
Қақбас болып қашанғы,  
Қаламысың өлгенінше Сансызбай.

Береке, жайды алғызбай,  
Жел мен суға қаққызбай.  
Еркелетіп өсірген балаларым,  
Ойлаймысындар әкең жансызба ай.

Дұрыс таңын атқызбай,  
Уақытында үйін ашқызбай.  
Кіргіземін десем біреуді,  
Даяр тұрғандайсың сыйғызбай-ай?!

Құдай қолдап аяқ тайғызбай,  
Арқаға қамшы салғызбай.  
Жүріп жатқан жайым бар,  
Ешкімнің аузын ашқызбай.

Бір елді басқарған ағасыз-ай,  
Айтасың ағайынның ыңғайсыз-ай.  
Қанша тағы жүрмексің,  
Ұнағаныма деп өмірінің жөнсіз-ай.

Тағы, тағы маңайым бармысыз-ай,  
Көңіл-ниет білдіріп табысасыз-ай.  
Соңғы төрт жыл ішінде,  
Өткен күн жоқ қайғысыз-ай.

Таусылар бұл өмір де мазасыз-ай,  
Қалмайтын кездеспейді жазасыз-ай,  
Күшті берген тәубе етіп,  
Тәнірім қолдап жүрші шаршатқызбай.

**27.12.03.**

## Құрдасыма

Есентұров Жауғашұлы Өмірбек,  
Кез келген өн мен биге елгезек.  
Аяғың аяғыңа жұқпаушы еді.  
Ойың жоқ па бүгін билемек.

Өмірде қалған аз керек,  
Тастауың биді ертерек.  
Айналайын, ойна да құл,  
Заманыңнан қалмай керемет.

Ұялас иттей жатамыз иіскелеп,  
Кездескенде бір бірімізді келекелеп.  
Көнілдес жігіттер де шамалы,  
Қиялданып Әлім жүрген жоқ па өкпелеп.

Қысқа өмірде бүгін біраз жетед,  
Емес қой жағдай баяғы студент.  
Аз болсын осы сыйласқаныңа,  
Айыртаудың бір азаматы оныңа да раҳмет!

Жүргенімде кетіп бас берекст,  
Көтересің ойныымды жеке бөлек.  
Үшіне қаламымның түсуің,  
Тегін емес замандасым Өмірбек.

Сіз дегенмен нең кетеді,  
Сен дегенде не тұр деп.  
Куаныш-қызықтарды бөлісіп,  
Жүре берейік бір бірімізге еркелеп.



## **Сәтай аға!**

Мезгілсіз дүние салды Сәтай аға!  
Бұл тажал сүм ажалға.  
Ешкім қарсы тұра алмаған,  
Қолдан келер не дауа?!

Бүкіл елді шақырып ақылға,  
Жұруші еді бір жағына шыға.  
Әлі талай еске алармыз,  
Тағдырдың көпсінгені ме арамызға?!

Бірдей еді бар ауылға,  
Күйіп жанбай еш дауға.  
Ақиқатын айтатын жалтақсыз,  
Бетіне тұра орыс қазағына.

Қызметін ақсатпай ылғи алда,  
Қол аяғы женіл шаруаға.  
Бірге өсіп бірге қайнаған,  
Еңбегі сіңген “Алаботаға”.

Сүйрелесе де ойға қырға,  
Үміттене дертінен айықтыруға.  
Еңбектері ақталмай жылап қалды,  
Апайменен бала-шаға.

Ризамын деп айтыпты халқыма,  
Ренжімеймін ешкімге де жалпыңа.  
Қоштасқаны бәрімен данышпандық,  
Өсиет етіп сөз қалдырған артына.

Жеңіл-желпі елемейтін сырқаған,  
Қажытты-ау, ауру ұзаққа созылған.  
Құресіп тартысқанмен болмай сәті,  
Бәрібір аспағаны жазудан.

Ерекше еді жанұяға,  
Естіп ем жеке отырғанда.  
Мына салынған коттедж-үй,  
Өзіме емес балаларға.

Бауырлары, балдыздары балаларға,  
Көз болар басқа қалғандарға.  
Не жетер еді жүре тұрса,  
Өмірі бүгін әрі жалғасқанға.

Естіген жұрттың түгел жиналғаны,  
Сәтекенді әбден сыйлағаны.  
Жадымызды қалады ғой,  
Сапарға соңғы шығарып салғаны.

Көз алдымда зиратты жаңа,  
Орнын белгілесіп қуана.  
Ел атынан ризамын,  
Жарайсың деп еді Фалиянды қиғанына.

Ел дегенде көпшіл аға,  
Менін шешіміме беріп баға.  
Төрт жыл бұрын сезді ме скен,  
Әкеліп жатқызатынын сол ордаға.

Ұрпағына тәрбие мысал ма,  
Қызыл көліктерімен де жүрсе қайда.  
Біраз жасқа келсе де,  
Көрінбейтін жарынсыз ешқайда.

Апайменен жеткізсе де балаларын,  
Егін егіп, екі жыл жеп жанын.  
“Пенсиямыз” бізге жетеді ғой,  
Білмеймін деп ертең не боларын?!

Апатайым орынды бүгін зарланатын,  
Ағатайды ізден жоқтанатын.

Жаныңыздан бәрі тарап кеткенде,  
Туады нағыз күндер батынатын.

Корісіп жалғыз қалдым деп жылағанын,  
Кім ертіп жүр соңына туғанын.  
Бидай шешей сіз көріңіз ағайынмен,  
Қос бауырдың көре алмаған қызықтарын.

Қойылған күні кешке таман,  
Ойынан шықпай осы ағам.  
Откен өмір елестеп,  
Осы болды арнап жазған.

Жол түспеп сіді көніл біліп бір соғуға,  
Басындағы шаруасы аз емес Сансызбайға.  
Қиналыш жүргенінде жазылам деп,  
Ішінде кетті ме өкпе, аға?!

Қош бол, дедік ел бол, аға,  
Еліне болған жең мен жаға.  
Ана жақта да жатқандарға,  
Мындағыдай бол пана.

Атшуулы аяулы аға,  
Аты ісінے сай өз атына.  
Өмірде көп із қалдырған,  
Жарқын бейнең ұмытыла ма?!

Басқарып Серікпенен Алпаға,  
Нағашысын соңғы жолға.  
Елдің басын бір кісідей,  
Қостың сауап алуға.

Замандаст, ағайын, құдалардың,  
Жаудырайды білдіруге іште барын.  
Бастарын иіп түрді,  
Қоштасуға бар келген қауым.

## Үмең-ай!..

Естігенде тығылып көздің жасы,  
Фалиямның мұндасты мен сырласы.  
Болмады ғой қанша қаранғанмен,  
Шамаңның жеткен жері болып осы.

Жанұялыммен сыйлаушы ек Үмен деп,  
Қалушы ем көргенімде елеңдеп.  
Екі иығынан әзір демін алып,  
Фалияма үқсап жүргенінде күйбендер.

Замандастарымның ең қадірлісі,  
Тиянақты әрбір сөзі мен ісі.  
Сосында ма мұнайып жылайды.  
Келіп жатқан бар кісі.

Үзілмейтін бір жазы-қысы,  
Ерекше ұстайтын шипа асы.  
Қысылғанда құтқаратын риза болып,  
Қайтатын елдің көрі-жасы.

Біраз көрдің өмір азабын,  
Ол аздай тартып ауру зардабын.  
Ештеме енді мазаламайды,  
Оранасың бәрімізге бірдей жер қорабын.

Ұйтқысы боп Қалым әүлетінің,  
Үйлерінде бәрінің сені ғана көретінмін.  
Сырқаттанып жүргенде дәнекер боп,  
Шетін көрдік көвшіл қасиетінің.

Ерекше көріп Жанатын,  
Отырган жерде тапсыратын.  
Қолтығына ала жүр деп,  
Не істесен де ол бала тіл алатын.

Шаруаңың бір жағынан шыға,  
Отырмайтын енеңмін деп тырсия.  
Қызметіңе н оқуыңнан қалтырмаған,  
Адам енді кездесе ме Мәнсия.

Қарсаңында жан қиярдың,  
Күтімін көрдің жанұяңың.  
Ойға қырға сүйрелеген,  
Ләтталмады еңбегі Мұратыңың.

Лайналайын аяулы, Үмен-ай,  
Кімде болмаған арман-ай.  
Немерелер сүйсек де өкіндін-ау.  
Қанатыңың қызығына жете алмай.

Мәңгілік қорымға бара жатсың,  
Бұл жолдан енді қайтпассың.  
Үрпаққа әлі сүйеу бола тұрайық,  
Біздерден сөлем айтарсың.

Е, Мәке, көпшілікпен түк білмейсің,  
Үменнің о дүниелік екенін сезбейсің.  
Кейін бәрі тарағанда,  
Бос орнын сипалап безілдейсің.

Күн алдында басың қататың,  
Үменнің жоғы жанына бататың.  
Күн мен түнің тен болып,  
Не істерінді білмей жататың.

Ей, ағайын, сабыр берсін ажалға,  
Мезгілсіз мынадай қазага.  
Үмендей жанды еске алып,  
Отыра алмадым бір екі ауыз жазбауға.

## Жиенім үйге келгенде

Екі ай екі күнде,  
Жиенім келіп үйге.  
Сасқанымнан айтқаным рас,  
Келдіндер айтпай неге?!

Сағынып қызыым жұргенінде,  
Шыдай алмай жетуге.  
Айзанымның келді атасына,  
Сыйлық болды туған күнге.

Нәресте ерекше неге,  
Келгенде мына дүниеге.  
Балсың өте тәтті,  
Айнала бірін жеге.

Қандай әсер немене,  
Жылағандай босаға мен кереге.  
Шаңыраққа жарық қосылғандай,  
Алғашқы келгенінде немере.

Кім асықпайды тез өсуге,  
Шама жетсін жетелеуге.  
Қыры мен шегі жок,  
Қуана берейін бұл өмірге.

**31.10.03.**



## **Жаңа жыл**

Таты келдің жаңа жылым,  
Алаңсыз жүрген балаларым.  
Анаңсыз қалған өкеңе,  
Жетпей қойды ақылдарың.

Болсаң ғой жанымда жан-жарым,  
Білінер ме еді жоғында сарылғаным.  
Төрт жылым өтті өзіңсіз,  
Әлі қанша уақыт сорланамын.

Өткен жылы өмірге кеп Айзаным,  
Әулетімді толықтырып туғаным.  
Өмірімдегі жарқын кезең,  
Атаға жетіп қуанғаным.

Жиырмаға толып Алмазым,  
Батасын берді ағайыным.  
Жасына жас, жанына жан  
Қосыла берсін балапаным!

Үсті-ұстіне тағдырдың сынағанын,  
Ұмытасың ба құдайдың сақтағанын.  
Өзіме өзім олжа алғандай,  
Қос ажалдан аман қалғаным.

Үміттеніп күтетін жаңа жылым,  
Айтушы ең талай, Галяжаным.  
Қалай қарсы алсан,  
Солай өтер деп түгел жылың.

Өтсе дағы тағы бір жылым,  
Шықпаса да естен асылым.  
Балаларым өздеріңнен,  
Таусылмайды бір сөзінді тосуым.

Айналысып демалыста үй шаруаларын,  
Мазаланып, тазаланып жатқандарың.  
Қыз жігітей келіп кетсе?,  
Болмай ма нағыз дем алғандарың?!

Жазатайым дүние салсам, балаларым,  
Елдің көзі қырағы құр жылағаның.  
Тіршілікте бәрінен де артығы,  
Бір-бірімізді түсінісіп сыйлағаның.

Білсендер әбден шаршадым,  
Бір де алдарыңа бармадым.  
Жалғыздығым қанша батса да,  
Шыдап бағып салмақ салмадым.

Балаларым біреу-ак менің сұрауым,  
Ойға салшы әкең жайын.  
Біле, көре тұра сендерсіз,  
Ештемеге аяқ баспайтыным.

Алыс емес күнім құлайтыным  
Жүре берсем осылай сұлайтыным.  
Екеу ең қазір төртеусін,  
Ақылға сал сендерден сұрайтыным.

Құтты болсын жаңа жылдарың,  
Ақ мол болып нұрға толсын орталарың.  
Елейтін мезгіл жетті,  
Әкенің жазғаны мен айтқандарын.

Қаншама болғанымен денсаулығың,  
Болмағасын жанында ақ жаулығың.  
Ғұмырың қайта келмейтін заманда,  
Түкке де тұрмайтындей барың жоғын.

## **Бағыланға**

Кашапта домаланып ішке кіріп тұрған,  
Інші қалмайтын қонағымен жұмысынан.  
Гарбиссін іске асырып алған анасынан,  
Сапарбектің де шалқақтауы сенің арқан.

Тілейтін жолы болсын деп қайда барсан,  
Либа еді жалақынды жүлқылаған.  
Оле отыр дәмеленіп алдағы пенсиянан,  
Еліменен ағайынға жүргегін тосып отырған.

Кейде Сапекеннің де ана мынасын жасырған,  
Осынау кім десен дархан.  
Раллямның немере сіңілісі.  
Осы тойымыздың бір иесі,  
Алтын жездем дейтін Бағылан!

Қызық-күлкі кетпесін шаңырағынан,  
Лік мол болып қазаның босамасын асынан.  
Мезгілсіз реніш көрмей.  
Жасай бер жанұяңмен, асып шешең жасынан.



## **Бажа толды алпысқа**

Әрі аға, әрі бажа Сапарбек,  
Алпысқа толғаныңды құрметтеп.  
Тоғызынышы қаңтар күні,  
Арналып еді біраз тілек.

Іске ассын айтқанымыз деп,  
Үлкен той алдымызда деп.  
Бір кеш бойы отырып,  
Көңілінді көтердік пе, тарап ек.

Шыққаныңды іссапарға бірнеше рет,  
Қайтқаныңды аман-есен сонша рет,  
Амандықтың замандас қыз жігіті,  
Өткенді әжептәуір еске алып еді .

Өмір деген қызық керемет,  
Аяқ аяққа жүқпай бүгін жүрдек.  
Қандай болдың екен,  
Жастық шағында бұдан ертерек.

Тұрған бойың қашанда елгезек,  
Жұргенің жанкүйерленіп безек-безек.  
“Ә дегендे” көмейің көрінеді,  
Ұят болар оныңды біз ескермесек.

Келгеніңше шамаң жетектеп,  
Туыстармен араласасың ерекшелеп.  
Ақ көніл, аңқылдаған бәріне бірдей,  
Сендей туыс қайдан енді кездеседі?!

Білмеймін, өзінді мен бұрын кім деп,  
Білгім де келмейді өткенді ізден.  
Судай сіңіп, тастай батқанын,  
Қайын жұртың мен бізге сол жетеді.

Келгеніңде елуге есепте жоқ ек,  
Лішан-мыннан тойлады деп естіп ек.  
Ліналы-сіңілілі білмесе де,  
Қожайын емессің бе, әрі ерек.

Откенді не қыламыз термелеп,  
Сыйластығың жалғаспай ма дүние кезек.  
Тұыс арасында не болмайды,  
Орине қажет емес не керек?

Жүргенінде еліңнен шет,  
Бауырларың түгел ата деп.  
Құшағын жаяды шыққанда алдыңнан,  
Сүйсініп көріп едім жалғыз рет.

Омірде не болмайды өтеді, кетеді,  
Тонірім десен бәрін кешеді.  
Бағыланмен табысқанда жыламсырап,  
Галиямның айтқаны: “бағы ашылса жарап ед!”

Тойжанымыз ұрыспандаршы деген ед,  
Мұратына сыйласқан ғана жетед.  
Бағыланды алақаныңа ұстаганыңа,  
Жанұямның атынан үлкен раҳмет!

Лулақ болғай басыңнан пәлекет,  
Үш гүлің мен екі ұлға шукіршілік ет.  
Жеткен де бар жетпеген де осы құнге,  
Жүре бер балдызыммен мына заманда тәубе деп!

Лайтпайды саган ешкім күйеу деп,  
Ойнаймыз тынға келген “целинник” деп.  
Еліңе оралмайсың ба дегенде,  
Айтыпсың енді оннан не аламын деп.

Басыңнан кетпей бақ-берекет,  
Ортамызда жүре бер еркелеп.  
Кәдір-қырғыз ортасында жайнап,  
Қара қыпшақтың бір баласы Сапарбек.

**09.01.04.**

## **Атыңнан айналайың, Майра жөңгей**

Атыңнан айналайын, Майра жөңгей,  
Қырық екі жыл келін сендей.  
Анашымдай туған жан едің,  
Енді бізге кездессе ме өзіндей?!

Шешем аруханада сауығып әмделгендей,  
Жұдеп-жадап оқуда жүргендей.  
Үйлеріне кіріп шыққаным,  
Тойға жақын болушы еді көм дегендей.

Қабағын бір түйілмей,  
Жұртқа сріп жүгірмей.  
Бірқалыпты бір бапшен,  
Болғаның естен кетермес-сій.

Абыройлы болдың біздің слігс,  
Мазасыз болса да сиң бір үндемей.  
Кім болмасын үлкен кіші,  
Өттің ғой қатты сөзге келмей.

Ұстадың аға мен бауырларды бір кісідей,  
Әсірессе, соңғы жылдары ауырып жүргендей.  
Бәрі үйлесіп жатпаса да,  
Іштен сыртқа ештемені білдірмей.

Балаларың бүгін өр жердсай,  
Естейтінім бірі келіп, бірі келмей.  
Озің болсан үйрінғыдай,  
Табылар ма, орын осы үйдей.

Бес жыл болып өткенін-сій,  
Хабар жетті жиналамыз деген-ей.  
Қысқаша ғана еске алдым,  
Арнап осы өлеңімді бір өзіңе-ей.

Көз бола ма өткен өмірдей,  
Грипіліктегі жүресің кереметтей.  
Осылай еске алдым,  
Енқаптан ұмытылмайтын Майра жеңгей.

Немере, жиен ерте көрсендей,  
Лұзы конті өмір сұрсендей.  
Болар ма еді артық жеңгетай,  
Арамызда томпаландаң әрі жүрссі-сй.

Бес жыл бұрын сол қездей,  
Тағдырдың аңы жағы төздөттімс-сй  
Омірзак, Серік шықпай естен,  
Оғиеді ғой алдынан дақ келтірмей.

Жылаймын кейде сізді де іздей,  
Ғалияменен бірге еске түскендей.  
Біржолата қалдындар ғой,  
Түсімде әрен, өңімде мұлде көрмей.



## **Көнестің де, қоясың-ай**

Айтушы еді талай рет арысым-ай,  
Жападан жалғыз әлі қаласың-ай.  
Өзінше бізге сыр бермей,  
Білгеніме өмірінің ұзамасын-ай.

Кім түсінеді кімге айтасың-ай,  
Бұйырмаған дүниенің болмасын-ай.  
Анаған-мынаған жетпесе де,  
Өмірім бұрынғы қайдасың-ай.

Жақсы жаман жағадан алғасын-ай,  
Қайратымның тайғаны осыма-ай.  
Қысылғанда бір көрінсөң ғой,  
Жанашырым, жансүйерім, жолдасым-ай.

Әркім айтады жүр босамай,  
Оған көңіл шыдал тосама-ай.  
Неше түрлі қыындықты арқалап,  
Жетемісің Пайғамбардың жасын-ай.

Осылай тағдыр болғасын-ай,  
Басыңа қайғы салғасын-ай.  
Шыдал бағып жүргеніңмен,  
Не кездеспес алдында сор басыңа-ай.

Сай емес дейді ағайыным тұрмысың-ай,  
Ермек еткен қызмет жұмысың-ай.  
Бір сөзін қимағасын балаларым,  
Жалғыздыққа көнестің де қоясың-ай.

**01.11.04.**

## **Ұлымға наз**

Қиналышп, қынжылып қалғанында,  
Корінбейді кіріп шығатын адам да.  
Жалғыздық өбден қыстын-ау,  
Не жамандық істеп ем бұл жалғанда.

Дұрыс еді анасының барында,  
Көрсетеді неше түрлі жоғында.  
Аялап алақанға салсаңдағы,  
Аяққа балаларым бастындар ма?!

Құдайдың көзі түзу қашан да,  
Кінәм жоқ сендердің алдында.  
Шешелерің де құлдық дейтін,  
Не қыламын мұлде бас қатқанда.

Жүргендеймін жалғыз жапанда,  
Қаласың ғой шыға алмай апаңда.  
Қаншама тырысып, баққаныңмен,  
Не қүш қалды балаларым папанда.

Не болады мені мұқатқанда,  
Сөзге келмейтін жоқ анат да.  
Көргенім, жүргенім аз емес,  
Құдайым бүгін алсаң да.

Не болмайды қалжырап, шаршағанда,  
Не шығады әксенменен айттысқанда.  
Алмазым, тірлігім, сенетінім,  
Дең жүргенімде қартайғанда.

Құлақ қоймайсың айтқанда,  
Бола ма ойдағыдай бәрі де.  
Дұрыс десен өзіңе,  
Мен қаламын өз ойымда.

Әйтеуір аман жүр жолында,  
Аз өмірдің оқымен солында.  
Не көрсетсөн бүгін әкене,  
Сол тұрады ертең алдында.

Аямаймын не бар қолымда,  
Шамам жетсе табармын жоғын да.  
Үй болғанында тез көрсем,  
Болмас басқа арманым да.

Сондықтан, балам, қимылда,  
Болса бірдеме миында.  
Мойынымда күнә болып қалмай,  
Мына өзер жүрген жайымда.

**17.01.04.**



## Қайран, Ғалиям-ай!..

Қашап болсын күн нұрындай,  
Ақылың тұнып тұрғандай.  
Қайда жүрсең аман бол деп.  
Қарсы алатын жарық айдай.

Тазалығың шық пен таңдай,  
Қарағанда бетпен маңдай.  
Коз алдында ылғи тұрғаның,  
Кеше ғана ғашық болғандай.

Айтқаныңды екі қайталамай,  
Сен дегенде еш шаршамай.  
Омір бақи қалғаным ба,  
Мінез құлқыңа бір тоймай.

Отыз бес жыл бұрын-ай,  
Тегін кездеспеген екем-ай.  
Бір сәтте өкінбеймін,  
Дәм бірігіп, азды-көпті тұрған-ай.

Керексіз бүгін бір жандай,  
Өткен тұрмыс ыстық қандай.  
Тұскенінде еске, қаламын,  
Жынданбасам да жақындей.

Өтемісің өмірім осылай,  
Тәнірімнің бүйіртқаны осыма-ай  
Таң ертеңен кешке дейін,  
Шықпайсың ойдан қайран, Галымай!

Бола ма уақыт жасымай,  
Бойдағы маза басылмай.  
Жайбарақат, шіркін, алаңсыз,  
Жарқыраған өлі күнің туама-ай.

Болашакты көздің жасы жуа ма-ай,  
Қайғы-қасірет біраз қуа ма-ай  
Не жас, не кәрі емес мезгілім,  
Өзгеріссіз мұлдем қала ма-ай.

Жүрсем де, алды артыма қарамай,  
Қалған жүкті көтере алмай.  
Сырқырап сүйек, бүгілмей тізе,  
Әзер болса қалармын жарамай.

Осының бәрін кімге айтам-ай,  
Бастағы жай біреуге бата ма-ай.  
Жазғанымды, айтқанымды жүрген жоқ па,  
Жақындарым мен балаларым тындармай.

Әбден шарашағасын сағынамын, Галымай,  
Ойдағыны, бойдағыны түйіндеп жазам-ай.  
Қайталап оқып шыққанымда,  
Сондағана өзімді-өзім басам-ай.

Сары уайымның қажауы тоқтамай,  
Әтпейді құнім өзінді жоқтамай,  
Арамызда жүрмесен де бір жүргендей,  
Тірегім де, жүрегім де ботам-ай.

Әлеңдерімді әркімге оқып жатам-ай,  
Біреудің біреуге басы қатама-ай.  
Көнілімді бөліскен боп,  
Әйтеуір басын изеп жатады-ай.

**ақпан 2004 жыл**

## **Бауырға наз**

Сансызбай! Амансың ба жалғыз бауырым,  
Жүрсің бе, аман есен қандай қалың?!  
Сырдақтап көптен бері келмей жүрсің,  
Бар ма өлде, маған деген өкпе-назың.

Бермессөң бермей-ак қой, қол ұшынды,  
Бейиетпен теріп жермін ырыздықты.  
Бойынды, мансап, барлық билесе де,  
Умытпа! Жарым, жарты бауырынды.

Тұганбыз бір “әке” екі анадан,  
Олдағы тағдырымның сыйы маған.  
Бір туғам, “ага-әпкем” тірі болса,  
Болмас ем қапа шегіп жалғыздықтан.

Шаршадым, қартайдым мен, Қайрат, құлымным,  
Маңдайға сыймай кеткен жалғыз ұлым.  
Егер де тірі жүрсен, бүл дүниеде,  
Жүрмеспең бас-көз болып бауырларға.

Ризамын, балалардың анасына,  
Сыйлатқан қалын ел қайын жүртқа.  
Келем деп, келмеген соң жалғыз, бауырым,  
Өткіздім бүл тойды да жүртпен қайын.



## **Аға-жөңгемнің назына жауап**

Дұнис күрып ақыр заман болғандай,  
Келсем, кетсем отырғаның зарланай.  
Шүкіршілік, тәубе, демейсін,  
Жұрт соңында қалып қойғандай.

Күйдіресін жандырасың женғем-ай,  
Өздеріннің алды артына қарамай.  
Алпысты алқымдал тастасаң да,  
Осы мінезің әлі жүр месасылмай.

Жол түспеп еді құдалыққа бара алмай,  
Барғандар да отыра алмапты аяқ шалмай,  
Бес ауызбен өкпенді жазыпсындар,  
Жүргендей әр адымынды өздерің бір санамай.

Серіболдың туыстарын таннан асырмай,  
Ешкімнен құдаларға дәм татырмай.  
Көрмейтіндегі жөңслітіп ек,  
Шұбырып қай бастіңмен бардың үялмай.

Айтасың ризалығынды Данқойға қайталай,  
Олар сені асырап отырғандай.  
Қит етсе қайын жұрт дейсің,  
Сендей аға қайда болсын сыймайма-ай.

Құда болсақ та атышулылармен талай,  
Ақыры қалдық өкінішке орай.  
Мансапқорлық пен қеуденің қырсығынан,  
Туыстығымыз қысқарды көлкө үзамай.

Дейсіндер әкеміз бір Алпысбай,  
Өлгенінде сорпа сүйн шығармай.  
Бір тоқтыңды үйінде жұмсағасындар,  
Керемет бірденені атқарып тастағандай.

Үшінші аңда Айманымды қияға-ай,  
Менсінбей Қызылордаға бірге бармай.  
Ауырғансын сыйтылып шеттегенің,  
Омірімде қалған ұмытылама-ай.

Іштеріңде жо бар жоғын білем-ай,  
Не аламыз, онда жо бар-ай.  
Жалғыздығымды бетке басып,  
Қаңғасындар ауылда жайдан-жай.

Ершіннен үшінші аңда орнын жоқтатпай,  
Шыңқаңдаңдар ғой бір жағыма-ай.  
Неменене бұртиып өкпелейсіндер,  
Үндесмей жүргенімде отырмайсындар ма қозғамай.

Ішкен, жеген есте қалама-ай,  
Сырдың сыйына жүрген әлі тамсана-ай.  
Сыйлағандарыммен барып қайттық,  
Құдайға шүкір жұмаққа барғандай.

Ақылшым данам, Галямай,  
Кезіндегі айтушы ең талай.  
Ағайынның бары жақсы,  
Сырттай жүргенің артық ашылмай.

Гүйсдейді байқамай, түймедейді көретін,  
Озгерің де аман бол женге ағам-ай.  
Отыра алмадым сол күні,  
Бесс ауыз назына жауап қайтармай.

**20.02.04.**



## Ризамын Ғалияма

Ешкім де ұқсамаған Ғалияма,  
Ақыл ойдың көзі, дарияма.  
Сағындырып шаршаттың ғой,  
Жанашурым, туысым мен жанұяма.

Бесінші жыл арамызда жоғыңа,  
Өткенде көз болмайтыны осы ма?!  
Зымыраған уақытты байқамаппын,  
Күндіз-түні батқасын ба жаныма.

Қағаз-қалам ұстаймын қолыма,  
Тәтті өмірім түсе береді ойыма.  
Тәубе етіп жүремін, Галяжаным,  
Ерткениңе қызы-ұлымды соңыма.

Тәтті кезең өзіңменен кешегі,  
Балалармен өтіп жатқан бүгінгі.  
Қалай болары белгісіз,  
Мазалайсың болашағым, ертеңгі.

Бағыт болып өмір жолыма,  
Қанаттай болған он-солыма.  
Кездестірген сәтіңнен айналайын,  
Сосын да ғой ризалығым Ғалияма.

Себепшісің қазіргі жазуыма,  
Қосыласың әр өлеңмен жырыма.  
Қалсам да, жесір ренжімеймін,  
Өзіндей құдай қосқан жарыма.

Болсадағы қанағат барыма,  
Алынбаған шөнірдей шанышасың жаныма.  
Әттең-ай, деп өкінесің бергеніндей,  
Тек мениң ғана басыма.

Іштегіні бөлісемін жақындар мен туысымға,  
Жалған дүние бар екен деп тасыма.  
Алдында талай қызығың тұр,  
Жалғыздыққа төзе біл, Сәкен, жасыма.

10.03. 04.

## Шыдамды болсаң жарайсың...

Жүргешімде тұрмысыма жарайсын,  
Байқаймын ертенді көп ойласын.  
Кейде бір еркелік пе,  
Гомырайып жөнсіз тоңқылдайсын.

Үйрекшендей өзіме санайсын,  
Коп жайды ретсіз қайталайсын.  
Оғасынен бірдене шығатындей,  
Қайсарланып бір болмайсын.

Әр алымынды саудалайсын,  
Мұнымен алысқа бармайсын.  
Коңтсан білетін жағдайды,  
Еске түсіре мазалайсын.

Ризамын біраз, міне, қолдайсын,  
Әр інемеге қолың ашық молдайсын.  
Оз керегінде тірелгенде,  
Мазаң кетіп шырылдайсын.

Маган әлі баладайсын,  
Ақ болсаң, да қарадайсын.  
Қаша ішіме кірсөн де,  
Тарамаған бойдағы жарадайсын.

Көктемменен күздегі аладайсын,  
Кейде бір қыстағы қардайсын.  
Жақсам ғана көніліңе,  
Анда-санда жадыраған жаздайсын.

Белгілі қолың қысқа жайдасын,  
Кім іздемейді өз пайдасын.  
Мөлдір сезімім ойыншық па,  
Мұнымен кімді алдайсын?!

Асықпа десем тулайсын,  
Қатты айтсам жылайсын.  
Не олай, не бұлай емес,  
Ақылға келмей шулайсын.

Шашынды өрлең тарайсын,  
Сүзілө маған қарайсын.  
Түсініскенге ңе жетеді,  
Шыдамды болсан жарайсын!

**17.03.04.**



## **Күләш апайға**

Гұмысым, жолдасым деп Сәке!  
Іансырып еді өзіңізге Кәке!  
Көнгіріп сәнін ауызының  
Ат уақытта болдыңыз маған Кәке!

Оқеріп орлай берсін көкке,  
Ішініп шарапатын өлі көпке.  
Баяндаң әттен білмеппіз,  
Бар екенін сіздей әпке.

Ор тісті қажап егегенде жеке,  
Қоз алдыма елестеді анам мен әке.  
Денсаулықты сақтай біл,  
Деген ақылдары түсіп еске.

Кинкене ауырғанға жоқ өкпе,  
Өмінніктеп шыдамсызданға сөкпе.  
Кийібір асып тасып жүр дейсіз,  
Жүре тұрайын сүйеп балаларды аз көп пе!

Кешесекенге ризамын осы сәтке,  
Шыдамаса да астымдағы тәбіретке.  
Іене маманның не жетеді,  
Атқарғасын шын жүрек пен ақ ниетке.

Қинаушы ек талай текке,  
Шама жетпей шеміршекке.  
Бұдан былай енді ұялмай,  
Жүреміз қарап тура бетке.

Іші-сырты толы рахметке,  
Шаршамай жүрген бүгін қызметке.  
Еліміздіңabyройлы азаматы,  
Бас иетін жоқ екенсің, Кәке!

Басыңызға ісіңізге берсін береке,  
Күнде болсын маңайында мереke.  
Амандықпен көріскенше күн жақсы,  
Жоламайтын болайын алдыңа тіспен, Кәке!

## **Бауырыма**

Әкем марқұм Қызданайын,  
Еркелетіп маңдайынан айналайын.  
Кияңқы деп жаратпай мені,  
Жегізетін таяқтың бірталайын.

Түседі еске жас кездегі,  
Балалық шақ елдегі.  
Ат төбеліндей ауылымыз,  
Тең болатын ұзындығы мен көлденеңі.

Кішкентайында деп қара қыз,  
Айтатұғын түгел ауылымыз.  
Домаландап еркелеп өскенің,  
Бауырларың қалай ұмытамыз.

Бала кез ыстық елес пе,  
Ештемені ойламайтын уақыт емес пе?!.  
Кім болсын аңсайды,  
Қол жетпейтін алыстағы белескес.

Туған күнің еді деп соғып ем,  
Екі беске толып қапсың есептесем.  
Сенбеушілік қимастық мазалайды,  
Кеше ғана кішкентай бала ең.

Құтты болсын мерейтойың мына келген,  
Бұл жасқа да бар емес пе жетпеген.  
Арамызда жүрмес пе еді гүлдей жайнап,  
Жаны ашып күйбелендең Фалия женғен.

Целиноградқа кеткенімде үйде қалып ең,  
Мені оқытып ата-анамды күтіп ең.  
Жасың толып отырсаң да,  
Алдымға менің шықпап ең.

Енде де қызметің сіңген,  
Мұнім, дүкенші бол істеп ең.  
Онда ұзатқаннан кейін,  
Кон ұзамай ауылым да тарап ең.

Қонғаныңда қаладан кеп жанұянмен,  
Менен де срекше жақын ең.  
Тиң атқанша үйқы бермей,  
Мұңдастың, сырласатын женгеңмен.

Гүлбөршін, бауырым, қарындасым,  
Қайырлы болсын мына жасын.  
Рамазанмен бірге жасасып,  
Корсетпесін мезгілсіз көздің жасын.

Анарымыз қуантады біраздан,  
Корелік енді Жаннадан.  
Оқытып жеткіздіндер жиендерді,  
Ақталып ата-аналық бір парыздан.

Кезек жетсін енді немереге,  
Аныс емес ар жағында шебере.  
Бар ауыртпашилық артта қап,  
Жүйксінді тоздырмай ештемені елеме.

Арасында тәрбиелеп едік Рамазанды,  
Қалай ғана айтпассың бүл жанды.  
Нагыз қызық болатын мезгілде,  
Қайдан шығарған арақ қойғанды.

Ес білгелі жанашыр, бауырым,  
Шетін көрдің неше түрлі дауылдың.  
Бір де бір шаруасынан қалыспай,  
Жалғыз апаң мен агалардың.

Қос женгең аман болса жүрмес пе еді,  
Жұрт қатарлы қуанып құлмес пе еді?!

Мына мерейтойыңа байланысты,  
Сырға, жүзік алтыннан өкелмес пе еді?!

Миы айналған бауырыңа ренжімессің,  
Бастан шықпай бүкіл шаруа жүргесін.  
Әшекей, гүл, шапан жолың еді,  
Не істейсің ойдан шығып кеткесін.

Жасай бер жасты құдай берген,  
Балапандар аман боп соныңа ерген.  
Әмірдің қызығында жүре бер,  
Суша ағып зымырайды уақыт деген.

Көпсінбеймін өкең жасынан асып түссен,  
Сене алмаймын өзіме біраз жүрем.  
Қалған жаста бір сұрауым,  
Балалардың арасы ашылмай біріктірсен.

Ата-анамыз ашуланғанда айтатұғын,  
Көреміз бе сендердің адам болатұғын.  
Былай ойласаң тәрбие екен,  
Енді, міне, ойлаймыз балалардың болашағын.

Балалар түгілі бауырларды да ұмытпайық,  
Осылардың басын бір қосайық.  
Әртүрлі ағынмен жүріп жатыр ғой,  
Артық болмас ақылымызды айтайық.

Қашан да бірге болайық,  
Кемшіліктер болса жояиық.  
Атадан қалған шаруа жок,  
Әмірдің қысқа тәттілігіне тоймайық!

**31.03.04.**

## **Откенімше өмірден...**

Они жатқан омірім сіреумен,  
Ониң еске алып өткенменен.  
Күн шұғыласындай, Галяжаным,  
Болмаасын қасымда жетім бе мен?!

Бір гаусылмайтын қызмет елменен,  
Күні бойға жетеді алысумен.  
Жұшығудай жарқыраған, Галяжаным,  
Гүнделестің отырғаның неше түрлі ойменен.

Ерте оянын, таласамын таңменен,  
Қолған уақыт өтеді аңсауменен.  
Айдай анық, Галяжаным,  
Шықнайтын сстен нендей жан ең!

Кейде қалам домаланып жатумен,  
Болын қалады күндер бас қатумен.  
Бір жұрттымда жүргсніме де ризамын,  
Араласын жақын және татумен.

Шыға алмаймын айтқан өрбір сөзіңен,  
Үмытам ба соңғы көз жасынды мөлдіреген.  
Енкімде де үқсамайтын, Галяжаным,  
Котерес алам ба жалғыздықты өткенімше өмірден.

Сөкеніңің тағдыры осылай сөгілген,  
Екі күннің бірінде жас төгілген.  
Тастадың деп өкпем жоқ, Галяжаным,  
Құдай ісі осылай ғып көндірген.

Бауырларың бірінші маған күлген,  
Кім сінеді мен оларға шыдал жүрген.  
Бір сенің атың үшін, Галяжаным,  
Не түр өлі не көріп, не естімеген?!

Рас екен түске дейін ішіп жеген,  
Тез ұмытылады қол ұшы туысқа берген.  
Атыстырмай, шатыстырмай жүргендері,  
Болар еді сол қайтарғаны маған деген.

Сырттағыны ағайын мен елім білген,  
Іштегіні білгенімше қағазға тізем.  
Осындай менің жайым бар, Галяжаным,  
Өзіңнен басқа ешкім түсінбекен.

**17.04.04.**



## Үилюңсөң ғой, құлышын!

Үилюңсөң ғой, құлышын!  
Үилюңсөң ғой, балапаным!  
Жас емессің ойланшы,  
Ориандайтың тағы бір арманым.

Жүрсем даты қорқамын,  
Отыреам тұрсым ойлаймын.  
Анта береді жұрт ерте деп,  
Окен жүр іштей пішіл бар қамын.

Қызы емессің күтіп байқайтын,  
Үмтүлғанға кездеспей ме табылмайтын.  
Габитаттың заңы емес пе,  
Манаң да ата-анам ызындаитын.

Манаң кетсе де қайталайын,  
Осынан жетсем Алмазтайым!  
Ақ түйсің қарыны жарылғандай бол,  
Шашу болады бар жинағаным.

Қызықтап бірге туған ағайын,  
Қоюлып бауырлары анаңтың.  
Бұдан артық қуаныш бар ма,  
Есте қалып, балам, тойың.

Гүсінсөң, балам, өкең жайын,  
Көзің жетер емесіне оңайын.  
Жалғыздықтан шарашағасын ба,  
Алдыма сені салайын.

Лайтқанындай маманың, айналайын,  
Сөдан кейін өзім де ойланайын.  
Дом жазып тезірек бұйыртса,  
Не болса да атқаруға өкең дайын.

Фалиямның көзіндей ұлым,  
Байқасың ба, жүдеп жадағаным.  
Бөлісейін дегенім ғой,  
Өзіңменен аз ғана ойым.

Есінде болар деуші еді айтқандарым,  
Жарты жолда қалдырып жарым.  
Балаларды жеткізсен риза болам,  
Дегенің шыға ма естен жоғым, барым.

Батар күн мен атар таңым,  
Жалындырмашы әкенді, жаным.  
Ботам, сен үй-күй болып,  
Орындаібықшы, мамаңың да арманын!

**мамыр айы 2004 жыл**



## **Қалай қып** **(Сұлтановтарға)**

Омір откен қырық жылға жуық,  
Бастап асқан ыстық сұық.  
Түгел жерге бергісіз ауылынды,  
Бара жатсындар қалай қып?!

Тогыз жылдан міне асып,  
Жүргүші ек жақын араласып.  
Сыйлас туыс-ағайындаі,  
Сүйдер кеттің, мен қалып.

Немістердей кеткен телефон соғып,  
Жүрересіңдер “Алаботаны” әлі сағынып.  
Кокшетау да болсын сіздерге,  
Қарқылдайтын ең төрінде отырып.

Торт жылдай шыдал бақтық,  
Еркелігінді көтердік маман бастық.  
Ана жақта байқарсың Сөке,  
Інідің слмен теңеспейді ел барлық.

Іарған жерге де, тастай батып,  
Судай сіңіп түрмистарың жарасып.  
Кошің көлікті, іргең мықты,  
Жалгассын өмір ұзак қып.

Жиналған мына халық,  
Тілейміз сіздерге аманшылық.  
Аман сау болындар ұмытпай елді,  
Ертеңнен есептелетін қос ақмолалық.

Біреуден кем, біреуден артық,  
Онеге тәрбие көріп алдық.  
Еңбек, абырай жоқ емес,  
Біледі түгел мына Аққұдық.

Жеттіндер зейнетке біраз тосып,  
Өткендер де аз емес өмірден озып.  
Жете алмай осы күнге,  
Азған-тозған арттарында қалдырып.

Қарағаш пен Аймақта талай барып,  
Күлуші ендер ұрпағынды әрен танып.  
Үлкен жерде адам туысшыл келеді,  
Алдарыннан шығар біразы тауып.

Жодарыңа кетерлік осылай жазып,  
Қозғағам жоқ ана-мынаны қазып.  
Бұрын сондық көшіп кормеген,  
Онсыз да жатқандайсың көнілдерің бұзылып.

Көлшіліктің арасын ашқан нарық,  
Заман-ай, қойың сарық ешкің арық,  
Қара су ішіп жүрсөң де.  
Денсаулық пен болсын ақ жарық.

Белгісі бауырының дәрежесі артып,  
Жүргендерің мені арқа тұтып.  
Осының арқасында бүкіл ел бол,  
Жатқандаймыз бүгін ұзатқанға үқсатып.

**04.06.04.**



## Елу үшке толғанда

Оңу күні тосын сіндер бар жиғанды,  
Бұған де шақырыпсың сыйлағанды.  
О шимин да, бұл заман,  
Егерем жоқ слу үшті тойлағанды.

Сапеке, жарайсың туған күнді қолдағанды,  
Етім жеке кореді мақтағанды.  
Іспекке жеткен де бар, жетпеген де,  
Ри шимин құрметтеп елегеніңе Бағыланды.

Шақыргіасын Серіктен шет қалғанды,  
Үштіншан жөн көрдім қалмағанды.  
Жүре берсін қызыққа қонақтарын,  
Келген сайын көремін біраз жанды.

Жүргені анасынданай сабырлы, салмақты,  
Ішінде озінді ылғи бірқалыпты.  
Күннің тана сыйласпассың бұл балдызбен,  
Ішүйрдай жаны ашиды жан-жақты.

Шыгарасың қозғамай кресло, диванды,  
Торіңде отырмаған бұрын сонды.  
Алтын жездем деп көкке көтересің,  
Келсем, кстсем ұсынып бар жоғынды.

Оңтайсың нә болды деп Тойжанды,  
Коншын бірге болатын бұл жайды.  
Гүргап шығар бір бүйрек,  
Ішін ашылып, оқуға түссе жарайды.

Корінбесен замандас достарынды,  
Гүсініемін себепсіз емес оларды.  
Қазалы, жаралы, шаруалы шығар бүгін,  
Рига болар көрмесе мына тойды.

Ерекше күніңе туған байланысты,  
Тілеймін мол, мықты денсаулықты.  
Жасында қалған отағасымен,  
Мұжырлап өткейсің бір жастықты

Әрдайым балаларың болсын бақытты,  
Жанатымыз өткізбей бос уақытты.  
Қара шал, сары бәйбіше боп,  
Тез арада өткізейік құдалықты.



## **Сақыпжамал ағаға**

Шаң жолатпай жібектей,  
Жұруші ең ылғи өбектей.  
Қалғаным ба енді міне,  
Содырайған теректей.

Тіремесен дे тіректей,  
Күш болмаса да білектей.  
Сүйеп демеп қолдаушы ең,  
Біреуге мені керектей.

Жаңың ашып безектей,  
Даусымыз шығушы еді кезектей.  
Жетімсіреп қалғадаймын,  
Қызығыш кеткен өзектей.

Мен тігінен, сен еңбектей,  
Бір-бірімізді жетектей.  
Пішіп баптап жұруші ек,  
Бұгін ертең өлмектей.

Көз тоймайтын тірліктей,  
Өмір болсын бірліктей.  
Бауырымдай болдың Аққұдықта,  
Соның өзі емес пе ерліктей.

Ұзын көлденеңін кесектей,  
Семіз сере жесектей.  
Алаботаның адал дәмін,  
Ұмытпасақ болды қашан да.

Өміріңнің көп жылы өтті-ей,  
Отағасымен оранып құрметке-ей.  
Сақыпжамал-аға осы сізге,  
Жоқ шығар еш өкпе-ей.

Екінші жазған өлеңіме-ей,  
Сіздерге арнасам көппе-ей.  
Көкшетауға жеткенімше,  
Ақтарылды шын жүректен-ей.

Артық, кем айтсам ренжімсій,  
Сағынып елінді егілмей.  
Бітпеген әжептәуір жұмыс тұр,  
Атқарылmas шаруа берілмей.

Көшің болсын көлікті-ей,  
Қалада да қалықта еліктей.  
Алыс-жақын аман боп,  
Биікте самға бүркіттей!.

**06.06.04.**






Фалия Щучье шипажайында. 1976 жыл



Бірге едік, жас едік екеуміз де!..1978 жыл.



Фалияның Ақкулдықтары бір күндері. 1971 жыл.



Алмазым мен Айманым. 1990 жыл.



Фалия өз әкесі Сәтмағанбетті соңғы сапарға шығарып  
салды. Алабота селосы, 1986 жыл.



Сол бір қаралы сөтте менің әкем Алпысбай да  
болып еді. Алабота селосы, 1986 жыл.




Қаралы сәттің бір көрінісі. Алабота селосы, 1986 жыл.



Әкенің соңғы сапары. Алабота селосы, 1986 жыл.



Бурабайға барып бой жазған бір сәт.



Айнакөлдің айдынында.



Бурабайдағы демалыстың бір сәті.



Лашынтай жиеннің тойында.



Айманым мен нағашы әжесі Күлзия.



Фалиямның жұмыстар үйге келгендегі бір сәті.  
Қарағаш ауылы, 1994 жыл.



Бурабайдағы алаңсыз бір күндер еді бұл.



Үйге кім келмесін, отырушы едің қарсы алып...



Аңсаймын ас үйдегі жүрісінді. Фалиям мен Айманым.



Сағынам осы  
бір отырысыныңды.  
Бурабай, 1996 жылы.

Неге ойландың  
осылай?!



Алмас пен Фалия.




Бұл сенің  
өміріңнің  
соңғы бір  
күндері екенін  
белсемші,  
шіркін!  
1996 жыл.



Шаңырағымның шаттыққа толы бір сәті.



Суретің ғана жұбатады жанымды.



Міне, Алмазым да орта мектепті бітірді.  
Сен жоқсың, Фалияжаным!..



Алабота акционерлік қоғамының 70 жылдығы  
аталып өткен күн. Жанымдағы – Айманым.



Сонғы мүшсіл жасында

## **Қия алмадым**

Анаңның жоғы маған аздай,  
Жаз ортасы біреу құғандай.

Аяқ асты тұра тарттың,  
Қызылорда күтіп отырғандай.

Ақыл беретін ешкімімнің жоғы-ай,  
Осы кеткенің-кеткенің бе, қызым-ай!  
Қуанушы ем іштей сендерге,  
Жандарында жүргеніме үзамай.

Әкең мен бауырынды ойламай,  
Оқуларынды толық аяқтамай.  
Жүре бердін үндемей,  
Не қылғандарың, алды-артыңа қарамай.

Қанша емделіп бір жазылмай,  
Жанұям деп еш қажымай,  
Жан-жақты көп ойлаған анашың,  
Кеткен жоқ па дегеніне жете алмай.

Аз уақытта байқағаным бар еді-ай,  
Болмас ол жақ, саған онай.  
Не болса да, шыдап бағып,  
Бел буғаның ба әлде қалай.

Бұтағы сынған қарағайдай,  
Қала бердім айналама жалтақтай.  
Сағынғанда есіне түсер,  
Айтқандарым Айзаңымды құшактай.

Искесем қанбайтын бір жан-ай,  
Білмейді ғой Айзашым ештеме-ай!  
Тілі шықса айтпас па еді,  
Қайда апара жатсың ай мамам-ай.

Анасының айтқанынан шыға ала ма-ай,  
Орынбегім, де жүрсің бата алмай.  
Жер жанаты Кекшетауды,  
Бара жатқандай қия алмай.

Болары болды осылай,  
Қайда жүрсендер де аман бол-ай.  
Ішімізге сиған, балапаным,  
Сыртыма да симас па ең-ай.

**20.07.04**

## **Зарығамын бір үніңе...**

Айтылған ақылыңа анда-санда,  
Қалушы ем мәз болып.  
Болсаң ғой, жаным, қасымда,  
Жүрер ме едім сандалып.

Жатсан дағы мәңгілік,  
Откенімде зарығамын бір үніңе.  
Амандақандай қол жайып.  
Зиратыңа бірнеше рет күніңе.

Әр нәрсенің орны бөлек, жөніне,  
Білсем дағы денсаулықтың тәменін.  
Откен күнге өкінемін несіне,  
Осыған да шүкіршілік, көнемін.

Шаршадым деп айта алмайсың,  
Алда тұрған қызық бар деп.  
Галяжанды сағынғанда сыймайсың,  
Қашан таңым атар деп.

Аз ғұмырда өмірді көрсеткенде,  
Даналықтың, саналықтың кемелін.  
Жоқ болса да арамызда үйреткенде,  
Тұрмыстың әрқилықты екенін.

Мақтағанға жүрттың тоясың,  
Атың өшпес жан сүйерім.  
Айтасың да, жазасың да қоясың,  
Жетпей жүр ғой бір құлгенің.

Айналанда гүлдегенмен қайың, терек,  
Адам сияқты өмір сүрмелесін.  
Жүріп тұрған неге керек,  
Жанымға Фалиямның ермегесін?!

## **Өз өмірін өзіне қимағаның...**

Шиеленіскендей сөйлескен сайын,  
Бермесін басыңа, балапаным.  
Тура кеп түр айтуға,  
Ұнамай ма ойларыңдан шықпағаным.

Жетпей ме анаң құрбандарын,  
Не қыл дейсін, балапандарым?!.  
Тыныш жүрген әкенді,  
Бұл не мазақ қылғандарың?!

Жүрсем, тұрсам өз жәйім,  
Қит етсе мін маған таққаның.  
Осыншама түсінбейтін ңе болды,  
Әкеңнің өз өмірін өзіне қимағаның.

Көрмеймін-ау келгенінді жасыма менің,  
Жеткенінді тілеймін тап сенің.  
Шалғай болып әкен жолы,  
Дарысын саған кіслігі шешенәнің.

Есті деп жүрген Айманым,  
Осы ма жаным қолдағаның.  
Анаңнан кейін бір көргенім жоқ,  
Жақсы жаман әкенді сыйлағаның.

Батар күн мен атар таңым,  
Жалындырмашы әкенді жаным.  
Алмазым, сен үй-күй болсаң,  
Орындалар ма еді бар арманым?!

Кіре алмай үйге кейде айналғаным,  
Төрт жарым жыл мына сандалғаным.  
Бала емессіндер ой жүгіртіндер,  
Аз дейсіндер ме ақыры ауырғаным.

Сендердің алдарыңа құламаймын,  
Сендерсіз тұрмис құра алмаймын.  
Жүре берер шамам жоқ,  
Жалғыз онан әрі тұра алмаймын.

## Жаныма еріп жүргендей

Откен сайын жаныңдан түсем ойға,  
Әдетіме әбден сіңіп қалған бойға.  
Төртінші жыл жатқаныңа үн қатпай,  
Жылайтыным тегін емес жайдан-жайға.

Бітпейтін сағыныш пен уайым,  
Бөлінсе де көнілің әрдайым.  
Жаныма еріп жүргендей,  
Көз алдымда тұрғаның Галятайым!

Кара жерге қия алмай,  
Көздің жасың тыя алмай.  
Қапаланып әлі жүрмін,  
Есімді бір жия алмай.

Бос сияқты айналаңа қарасаң,  
Өншөндер міз бақпайтын адассаң.  
Не болып барасың заман-ай,  
Аяғыңдан шалынып қайда барсаң.

Оңға солға қарамаймың,  
Қайда барып не қылайың?!  
Ақыл сөзің жетіспей, Галяжаным,  
Жүргені сандалып Сансызбайың.

Жүргенімде алды-артыма қарамай мен,  
Түсіме он үйіқтасам кірмеп ең.  
Жазағанынан тағдырдың кім асқан,  
Боламын деп осылай ойлап па ем?!

## **Әмірдің бары, жоғы осы ма?**

Бұл өмірден өтпейтін адам бола ма,  
Өткендердің орны қайтып тола ма?!  
Өкініп, өксігемен, жүргегім-ау,  
Тот баспайтын алтын, күміс, қола ма?

Ұзаган сайын батасың жаныма,  
Сініп қалған қант пен тұздай қаныма.  
Өткен жылдар кешегі бір күндей-ақ,  
Қысқа өмірдің бары жоғы осы ма?!

Іштей айтам ала берме басыңа,  
Аз-маз біткен мал-дүниеге тасыма.  
Біреуге ерте, біреуге кеш заман-ай,  
Тати ма скен соңғы берілетін асыңа.

Әтіп жатқан өміріңің басына,  
Қыын екен күлкі болған досына.  
Бас болып бір жағына көрінбекен,  
Не айтарсың жан ашымас туысыңа.

Ешкім де алып жүрмейді үлкендерін қасына,  
Не істейсің балаларға, тартпағасын анасына.  
Шешелеріңің айтқаны бар еді,  
Қалма деп балаларыңың көз жасына.

Жесірліктің шындығы мен расы ма,  
Маған берген Алланың “олжасы ма?!”  
Осынау жүрген шағым жазатайым,  
Тағдырымының құлазыған биік жартасы ма?!

Өкінбеймін, жалғыз бас боп қалғаныма,  
Көзім жеткен дүниенің жалғанына.  
Легіп жүріп жатқан жайға ризамын,  
Желеп-жебеген өткендерімнің аруағына.

**23.10.04.**

## **Елу сегіз**

Заманында қойын арық, ешкің семіз,  
Не десендер маған о деніз.  
Өткен күнде із қала ма,  
Бұраландап жеттің бе елу сегіз.

Жанұям, қызмет, ойдағыдай артық сөзсіз,  
Елу төртке шыққанымда еленсіз.  
Сүм ажал арамыздан Фалиямды,  
Жұлып ап еді көргенсіз.

Содан бері не көрмедім, Галям-ау өзіңсіз,  
Жүргенімде кейде мықты, кейде әлсіз.  
Аталмақшы мына туған күнім,  
Бесінші рет тағы сенсіз.

Қайран, шіркін, қайдасың он сегіз,  
Ешқашан жалықпайтын тұнде-күндіз.  
Қырық жыл азап шеккендей,  
Жалтақтап жан-жаққа бүгін жүрміз.

Ей, туған күн, тағы келіп қапсыз,  
Бір жасқа қартайып біз қаппызы.  
Таразы мен шаянның ортасында,  
Суша аққан мынау өміріміз.

Қанша ма мықты болам десеніз,  
Уақыттан озар жүйрік деменіз.  
Күніде жал-жая жесен де,  
Білдіртпей, қысқарады екен ебініз бен икемініз.

Бүгін барсың, ертең белгісіз,  
Құдай ісі бұған да көнессіз.  
Жалғыздықты бастарыңа бермесін  
Сары уайым кеміргенде көресіз.

Бұл адам үйретеді еken еріксіз,  
Жеке бастың жайына беріксіз.  
Дүние пұлға қанша малынсаң да,  
Жетпейді еken тұрмысқа жан серіксіз.

Балаларым да байқаймын көнілсіз,  
Қатып қалған жібімейді шешесіз.  
Нақ жанашыр көрінбейді,  
Өтемісің қалған ғұмыр еш жөнсіз.

Жүргегіміз таза болып кіршіксіз,  
Сыйласып жүре берейік сіз бен біз.  
Бәріне тілсейтінім қонақтарым,  
Көрсетпесін қайғы, қасірет мезгілсіз.

Жолдас, туған біраз келесіз,  
Ойнап құліп, қайта кетесіз.  
Көңілімді көтергсімен қалармын,  
Шаңырақта, ошак-қасы иесіз.

30.10.2004



## **Ұлым жиырма бірде!..**

Қайда атайдыз тойыңды дегенде,  
Отырған жоқпышың сен үйде.  
Кейін тағы көрерсің деп,  
Басында желтоқсанның демалысқа келгенде.

Ұлымның ақылның жеткенін,  
Куанып күн сайын көремін.  
Осынысина қарағанда тез,  
Үй-күй болса екен деп жүремін.

Моншасына тұсіріп, үйді жинап жатасың,  
Жатырсың алып әкең батасын.  
Төртінші жыл үздіксіз әр аптада,  
Екі, үш күн жанымда болып қайтасың.

Осылай мені жұбатасың,  
Көп жағдайда куантасың.  
Не істейсің, балам, бұл өмірге,  
Анаңтың бір қарасына тұрмағасын.

Сыртың бүтін, іш түтінге толғасын,  
Әйтеуір қызмет, слмсн алданасың.  
Сүйенерім, тірегім, тілегім де  
Сен аман бол Алмазым!

Бүгін жиырма бірге толасың,  
Құттықтайды жана шырмен туысың.  
Бұл күнінді ұмытпа,  
Болғанда мендей есіңе аласың.

Бұл жаста оттай жанасың,  
Қалқып ұшып құстай қонасың.  
Қайтып әттең келмейді ғой,  
Басыма мына сенің жасың.

Өссең де әлі маған баласың,  
Әлде бар ма өкенменен таласың.  
Қанша мені жүрер дейсің,  
Жалғастыр ұзатпай Алпысбаевтар фамилиясын.

Бүгінге дейін еркелейсің,  
Қол ұшын беріп жетелейсің.  
Жат мінезден аулақ болып,  
Ұмтыла жақсылыққа жүргейсің.

Туған күннен бос емес қой,  
Отпекші бүгін тағы бір той.  
Күәгер болып отырған,  
Анасына тартқан бұл ұл ғой.

Құтты болсын туған күнің,  
Ұзақ болып өмір жолың.  
Қашан да ағайыннан алыстамай,  
Азамат боп слігे жақсын қылышың.

Осы әксенің айтары мен тілесті,  
Анациның да болушын еді сеніде жүргегі.  
Өтер кетер қысқа өмірдес,  
Адамға неден тұрар бар керегі.

Жақсы ғой туыстар жүріп тұрасың.  
Келіп кетіп мәжіліс құрасың.  
Жалғыздыққа үйрениген Сансызбай.  
Үйінде, сонишиң тағы қаласың.

08.12.04



## **Елу беске келер ең!**

Фалияжаным, аман жұрсөн,  
Елу беске ертең келер ең.  
Жанымда болсаң жадырап,  
Сандалып мен жүрер ме-ем?!

Ойға алмасқа болар емес,  
Сағымдай өткен бір елес.  
Арасы бір күн желтоқсанда,  
Өткізуши ек талай кеңес.

Ол күндер сиді қайта келмес,  
Айтпақшы жұрт өткенді термес.  
Түскенде еске өзөр шыдағанмен,  
Тәңірім, алғанын қайтып бермес.

Күнім жоқ мұнға түспес,  
Бес жылға таяу аз да емес.  
Сағынғанда өткен мезгіл,  
Секілденеді дененді мұзша ерітпес.

Қолынды созғанменен енді жетпес,  
Бұл өмірде кім келіп, кім кетпес.  
Орының жанұян үшін ерекше еді,  
Ұмытпаймын, есімінді мәңгі өшпес.

Бұгінгі жайым мәнді емес,  
Қымылдай қалсаң әңгіме ермес.  
Құдайым берекенді кетірмей,  
Жақынбысың күн жинайтын ес.

Қайрамасаң бәкі өтпес,  
Отырғанмен ісің бітпес.  
Құрдан құр бос жүргуге,  
Әрі қарай мұрша жетпес.

Қара басты жүдетпес,  
Балаларымды келгенінде ренжітпес.  
Бір адамды үйге кіргізсем,  
Бұдан артық ауыр түк те емес!

Ешкімім де бетімен мені жүр демес,  
Келім-кетім жамағат үндемес.  
Ошағына пысық болса,  
Ағайындарым бетімен күнделемес.

**08.12.04.**



## **Айеке!**

Кешірерсің мезгілсіз мазаласам,  
Қайта-қайта есігіңе сығаласам.  
Қайбір асып-тасып жүр дейсің,  
Не істер едің жесірлікten қалжырасан?!

Кездескенде өзіңмен жұрсем тұрсам,  
Жанашырың болатындај жақындаасам.  
Бастан кешкен аз емес қой, бар ойым,  
Суып қалған көнілінді жылытысам.

Жалғыздық құдайға ғана жарасқан,  
Жеке өмірімізді үзілген жалғасам.  
Келгіштеудің бар себебі,  
Тұрмысымды қалған бір өзіңе арнасам.

Күндегі күйбеленмен шаршасаң,  
Айеке сұрауым менің тыңдасан.  
Ойланайын, бірден бүл қалай десен.  
Бір өзіңнің қолыңа да, жолына да жармасам.

Даярга жақын тұрған қарасаң,  
Неге олай деп менен сұрасаң.  
Баяғы жас кез емес,  
Керегі маған Фалияма ұқсасаң.

Тар жолға төзгенінді ұнатпасаң,  
Қолтығыма қысамын жаратпасаң.  
Пайда болмаса зиян көрмейсің,  
Кіріс, шығысымды өзің санасаң.

Дәм тұзымыз жарасып ие болсаң,  
Шаңырағым енді жүдеп-жадамасаң.  
Көз жеткізіп үйренгенше маңайыңа,  
Қызмет ермек табылар шыдасан.

Жүрген жерге өзімдей аралассан,  
Балаларға бірдей қарассан.  
Бір-бірімізге сүйеу бол,  
Осыдан не артық өмір шіркін жалғассан.

Обал болар іштегіні жасырсам,  
Үрпағына тұыс бола қалсам.  
Бұрынғы құнім қайта туар ма еді,  
Бұйырып өзіңменен тіл табыссам.

Жүретінмің сендей жанды қайдан тапсам,  
Қуанар ем бірге күнім батып, таным атсан.  
Әйел қырық шырақты деуші еді,  
Соның бірің Айеке, маган жақсан.

Елге барып біраз дем алсан,  
Зейнетке бірге шығып оралсан.  
Арасында қенжелердің канаты бекіп,  
Шаруа жағдай іске ассан.

Гүлдеріннің алдынан өте алсан,  
Тұра тұр деп созбасан,  
Ақыл сұрайтын кісі емеспіз,  
Дайынмын мен, не қыл деп, не айтсан?!

**16.12.04.**



## **Енді үзілмей жан өзегі**

Жүзінен шырайлы кешегі,  
Берілгендей маған белгі.  
Қуанып қайттым баладай.  
Естілгендей ғажап ертегі.

Кім болса да алда ғой көрешегі,  
Бақыт мұрат келешегі.  
Адастырмай бұйыртса,  
Адамзатқа сол емес пе керегі.

Босағандай түйнек іштегі,  
Ерігендей бес жылдан бергі.  
Бұдан былай ылғына,  
Атқарылса еken істер игі.

Болмай енді еш кедергі,  
Түзелсе шаруа жайы үйдегі.  
Жүйкесі тозған жесірге,  
Не қажет ауырмаса жүрегі.

Тез болсаң жанұямның тірегі,  
Енді үзілмей жан өзегі.  
Тоқтар ма еken осымен,  
Ағайынның бітпейтін өсегі.

**20.12.04.**



## **Бір қуанып, бір өкінген – өмір-ай!..**

Өңімде бір түсімде талай,  
Қыз бен ұлды байқай сал-ай.  
Жеткізерсің қолдарын деп,  
Ескертіп ен жан-серігім Фалиям-ай!

Балапандарымды мен ойламай,  
Жер бетін қалай басам-ай.  
Бауыр етім ұл-қызым,  
Сендерсіз өмір жарасама-ай!

Кісілігіне баға беріп сыйлаған-ай,  
Алғыстарын айтатұғын ата-анам-ай.  
Сырқаттанып жүрсөң де арасында,  
Өзімді де тәрбиелеген данам-ай.

Жүргесін жігер күшті аямай,  
Алды артыма көп қарамай.  
Жасым да келсөң біразға,  
Жұмыстан ғана қанағат табам-ай.

Білмеппін болғаныңды дәнекерім,  
Ұрпағының кейін білдім еркелерін.  
Өздерінше болмаса айтатыны  
Мамам болса папа сен өйтпес едің.

Жүргемін жоқ өзімді-өзім жүдетеійін,  
Немесе балаларымды екі стейін.  
Соңғы айтқан сөздерін Фалиямның,  
Бар ойым іске асырып өтсійін.

Қашан да, кім ойламаган өз басын,  
Жан жактағы алыс жақын туысым.  
Әйтеуір аман болайық,  
Қол ұшын тигізгенде жағасың.

Бәрі бір жұртқа келер кетерін,  
Шыққан емес біреу жөн дерін.  
Айналам түгел құтесін,  
Асыға Сансызбайдың әрі не істерін.

Аққұдық қайын жұртымсын,  
Біраз үй ішінде әлі барсың.  
Жалғыздығымды жеңілдетіп,  
Жан ашыр бір ауылымсың!

Басқа жерде не болар ем,  
Тәңірім, тағы басқа не салар ең?!  
Қайғымды көтере алмай,  
Қай зиратта қалар ем?!

Арасында ойға түсіп кетем,  
Жүрмессем де дүниенің түбіне жетем.  
Қанша сандалып сарғайсам да,  
Осы күнге шүкіршілік тәубе етем!

Күні туа ма бойдағы тарарап-ай,  
Істелген шаруаң тұрмысыңа жарап-ай.  
Өз басың, өз басыңа масыл болып,  
Бір қуанып, бір өкінген өмір-ай!..

**04.01.2005.**

**Арнау, тілектер**

## Жігіттің нары өзіңсің

Замандастың және ауылдасты  
Сансызбай Алпысбайұлына

\* \* \*

Қара бұлт боп түйіліп,  
Қайғы жұттың ерте сен.  
Көзіңе жас үйірліп  
Түсіп кетті-ау, е, еңсен.  
Фалияннан айрылып,  
Күніреніп қалдың ба?  
Қанатың өйстіп қайрылып  
Көніл шерін тарттың да.  
Елің болып жөнелтіп,  
Там орнаттың басына.  
Есіркеп, еңіреп, егілтіп,  
Соғып тұрдың қасына.  
Есімін еске-ап қашанда,  
Отырушы едің аңырап.  
Тәнірі де риза, Галяң да  
Аруағы түсті-ау бір аунап.

\* \* \*

Содан бері талай жыл,  
Өтті, кетті, зымырап.  
Ер жетілді қыз бен ұл  
Жан жарын жоқ, е, бірақ,  
Әкс жолын куса еді,  
Деп тілейсің Алмазға.  
Өзіне жақсы білгені  
Диплом алмақ бү жазда.  
Ұрпаққа ұрпақ жалғасып,  
Өмірге келді жиенің.  
Жылменен жыл алмасып  
Ағытты-ау көніл тиегін.  
Жат жұрттық екен қыз деген,  
Фалиянның орны тола ма?!

Келін түсіп, ұлдемен  
Шаңыраққа бақ қона ма?!

\* \* \*

Жаңатілекте сен тудын,  
Қарағашта мен тудым.  
Агрономдыққа бел будын  
Журналистікті мен құдым.  
Алашқа жағып әйтеуір,  
Бақыт таптың енбектен.  
Қызығанып сенен қайтесмін  
Жыр арнаман құр текке.  
Қуаныш-қайғысын бөлісіп,  
Ара ағайын, жүресін.  
Анаумен, мынамен келісіп  
Жыласа жылап, құлесін.  
Қарайласып бәріне,  
Қемек беріп жатасын,  
Жасына да, кәріне  
Алып алғыс, батасын.  
Дей көрме оның асылық,  
Сүйсінбес кім мұндайға.  
Жасаған жұртқа жақсылық  
Қайтын деймін Құдайдан!..

\* \* \*

Жұрт не десе, о десін,  
Жігіттін нары өзіңсін.  
Жібермес ешкімге есессін  
Алпағаның көзісін.  
Алған беттеп қайтпағын,  
Қызмет ет туған халқыңа.  
Өзің менің айтпағым  
Лайық бол ата салтына.  
Қайда жүрсең аман бол,  
Ұл-қызыңың бағына.  
Қиын-қиын заман бұл  
Жолығысармыз тағы да.  
Өңмендеп әсте тасыма,  
Қанағат қыл барға осы!..  
Текке жүнжіп жасыма  
Жақсылық күт алда осы!.

Сайлау Көшкенұлы.

3 қантар 2005 жыл, Көкшетау.

## **Сансызбай Алпысбайұлына!**

Қашанда мен дәстүрімнен қайтып ем,  
Айтқан сөзден кейбіреудей тайқып ем?  
Жаңа ғана жазып, міне, тастадым,  
Телефоннан “оқи бер” деп айтып ең.

Тағдырдың тәлкегінде төзе алдың ба,  
Үй болу, бала сүю өз алдына.  
Елу беске келгенде елестей ме,  
Откен күндер сағымдай көз алдына?..

Бір ауылда біте қайнап өскенбіз,  
Егіздей боп – көшсек бірге көшкенбіз.  
Окуда да, жұмыста да біргс боп,  
“Тойып алыш” талай-талай бөскенбіз.

Енді міне – алпысқа аяқ басыпсын,  
Бұл ғұмырда тасыпсын да, жасыпсын.  
Қалған уақта уайым-қайғы болмасын,  
Ағайын-жүрт тойларыңа асықсын.

Жасамаған жасын жаса бабамыздын,  
Жамандығын көрмейік баламыздын.  
Өзің де мың қайталап айтушы едің:  
Қара жер айырмасын арамызды!

**Совет, Жұмабике.  
31 қазан 2001 жыл.  
Көкшетау қаласы.**

## **Тойға шашу**

(“Алабота” АҚ директоры С. Алпысбаевқа  
және жиналғандарға осы шаруашылықтың  
70-жылдық тойында оқылды)

Қарсы алдың қонақтарды – қырда бәрін,  
Тамаша табиғаты сыр даланың.  
Облыс, ауданынан келіп қапты,  
Сүлейменов, Жұмабеков, Маковский мырзаларың.

Осындайда үн-түнсіз қалайын ба,  
Жыр жазуға дайынмын талайыңа.  
Ырысың арта берсін Алабота,  
Тойың тойға үлассын ағайындар!

Бет алдық бүгін өзіңе ауыл – Аққұдық,  
Жүрмегейсің біздерді сен жат қылып.  
Сансызбай тұрса басқарып,  
Бола қоймас жат қылық.

Саған теңеу таппаспышын,  
Өлең шығармай жақпаспышын.  
Қаптай берсін құмырысқадай,  
Қазағымның “ақбасы”.

Халқың сені елеп тұр,  
Қуанышқа бөлеп тұр.  
Құтты болсын мына той,  
Он үшінші директор!

Жетпіс деген жақсы жас,  
Аяқты бүгін нығыз бас.  
Ел басқарып жүре бер,  
Саған да жетсін жетпіс жас.

Жақсылық боларына ел сеніңіз,  
Ақталсың, е құдайым, бар сеніміңіз.  
Алабота жарқырап кеткен жоқ па,  
Аспаннан жұлдыз алып Әлсеніңіз?!

Осылай келер талай ерлеріміз,  
Құлпырып жайлауымыз, белдеріміз.  
Сапары оң болса еken қонақтардың,  
Ақ ниетпен еліңе келген ізгі.

Көңілге осы айтқаным қонар ма екен,  
Ағайын, ел риза болар ма екен?  
Егер мен ел туралы жаза қалсам,  
“Үлкендер” бізге спонсор бола ма екен?!

**Совет Хамитұлы.**

**Аққұдық ауылы.**  
**2002 жыл.**



## **Өмірің алда, Алмазым!**

Өмір деген сан қырлы ғой, ғажап-ақ,  
Өмір-өзен, келеміз оны жағалап.  
Бір белеске шыкты бүгін баламыз,  
Алмаз келді кәмелетке, болды нағыз Азамат!

Өмір деген жылата бермес біздерді,  
Қуанатын енді бір сәт кез келді.  
Қайғы арты қайырлы бол деп тіледік,  
Бір жақсылық боларын жүрек сезген-ди.

Көңіл деген қуаныштан тасы кеп,  
Орта толды-кәрісі де, жасы кеп.  
Есептейік бүгінгі мына жиылсты,  
Алдағы келер қуаныштардың басы деп.

Талабың таудай, өмірің алда, Алмазым,  
Бергенін Алла көпсінбесің, алмасын.  
Ұшқанда самғап арманның алыс шыңына,  
Қанатың сенің, жас батырым, талмасын!

Кіріссен іске бекем буып белінді,  
Ақтайтын бол өзіңе деген сенімді.  
Жұбанышы әкенің, әрі үміті,  
Қуанта бер ағайын мен елінді!

**Совет Хамитұлы.**

**25 мамыр 2001 жыл.**



## **Ел ағасы Сансызбайға**

Елуіншілер біткен сияқты,  
Түйдей құрдас, құрбым қабакты.  
Зая өткен жоқ сенің бар өмірің,  
Ер боп келгенінді өмірге дәлелдедің.

Жылға жыл қосылып, отағасы!  
Жақындал қалды кәрілік босағасы.  
Өмірде өткізіп бастан талайды,  
Түсінеміз қазіргі бар жағдайды.

Жігіттің сұлтаны едің өз кезінде,  
Елдегі бар қыздардың леккен көзіне.  
Сансызбай – енді іскер ел ағасы,  
Өте қымбатты біз үшін бағасы.

Маңайың құлпырады бар кезінде,  
Жаксы тілектің бар мәні әр сөзінде.  
Арылмайды жолдастық қасиетің,  
Түсініксіз құрдастарға тәрбислік осистің.

Ақыл, ойы дамыған қымбатты,  
Балаларың сүйкімді дс сымбатты.  
Солардан көр қартайғанда жаксылық,  
Бақытқа ұшан теңіз бөлен сен өкслік.

Туған күнінді тойла әлі көп жыл.  
Қызықпен өтсін әр бір келер сәтің.  
Белгілі істеген еңбек, ерлігің,  
Ақ батамен көркейсін кәрілігің.

Құрдасың Бейімбеттің өтініші бойынша  
жазған тілектес саған **Әлия Қақышқызы**.

**Қарағаш. 30.10.2004ж.**

**Энмен  
жалғадым ғұмырыңды**

## **Фалия**

сөзі: Сансызбай Алпысбаевтікі.  
әні: Тыныштық Шеменовтікі.

Сен болдың арманым да сағынышым,  
Басында жарапасың бағым үшін.  
Жұргем өзінді ойлап жұбанбайды,  
Өзінмен бір кеткендей қуанышым.

### **Кайырмасы:**

*Аңсарым, арманым,  
Сагындым жсан жарым.  
Фалия, Фалия,  
Жарқ еткен сагымсың.  
Фалия, Фалия,  
Мәңгі өшпес әнімсің.*

Жұргем жоқ қайтқаныңа сенің нанып,  
Өзегім өртенеді күйіп-жанып.  
Оралып келмесінді білсем дағы,  
Сағынсам бейітіңе жүрмін барып.

### **Кайырмасы:**

Сағындым бір көруге нұр жүзінді,  
Өмірің кенеттен-ак ерте үзілді.  
Міндетім, парызым да Фалия-жан,  
Жеткізу сенен туған ұл-қызыымды.

### **Кайырмасы:**

Күнім жоқ өзінді ойлап қамықтаған,  
Ақ қанат аққуымсың қалықтаған.  
Үзілген өміріңің жалғасындей,  
Әнім бол көк аспанда шарықтаған.

### **Кайырмасы:**

marzana, сединчен.

1. Сен бор - горы ар - ма - нали - да са - зон - ков - ший Тор - вон -  
га сна - па - лан - сону са - зону чи - ик эн - ре - гии  
о - ги - ги он - иан эн - бац - бац - ги - ги о - ги - ги  
гойпресен:

бю кеи - кеи - ги - ги си - а - ков - ший. Аи - са - рови.  
ар - ма - нали са - зон - горы сна - па - лони Fa - ми -  
- я Fa - ми - я эн - кеи эн - кеи са - зон - сону Fa - ми -  
я , Fa - ми - я мах - и ошил э - хин - циг.

## **Жан жарыңмын аңсаған**

Сөзі: Сансызбай Алпысбайұлынікі.  
Әні: Иран Тасқараұлынікі.

Таң атып, күн батқанда ойға түсем,  
Шіркін-ай, Галаяжаным, бір көрінсен,  
Білемін, қайтлайсың сен мәңгіліктен, мәңгіліктен,  
Сонда да ойымдасың, қайда жұрсем.  
Сонда да ойымдасың, қайда жұрсем.

### **Қайырмасы:**

Өткен сайын жаныңнан,  
Жан дүнием қақсаған.  
Жалын атып қанымнан,  
Жан жарыңмын аңсаған,  
Жан жарыңмын аңсаған.

Не жетсін, ортамызда жүргеніңе,  
Тоймайтын бір жымып күлгеніңе.  
Еске алып, өмірімді сайрандаған, сайрандаған,  
Тәубе етем, ұл-қызыымды бергеніңе,  
Тәубе етем, ұл-қызыымды бергеніңе.

### **Қайырмасы:**

Осылай жүрмін түсіп терең ойға,  
Біразы іштегінің сыймай бойға.  
Сүйеуші туыстарым, жанашырлар, жанашырлар,  
Бұйырсын, айтқандарың бәрі тойға,  
Бұйырсын айтқандарың бәрі тойға.

### **Қайырмасы:**

Жерек сийес, жетіле.  
 Ган а-тасын күн бат-как-да ой-жың түрдел. Шир-киш-ай,  
 жа-ра жа-ноның бізде көрін-саб. Тәре-мін қалып-таймын, еек  
 мән-зі-лік-тас, мән-зі-лік-тас, сок-да-да ой-ори-да-сөз  
 қай-да түр-сан. Сок-да-да ой-ин-да-сың қай-да түр-сан.  
 От-кен са-йык жа-ниң-наң, жан дүни-ен қал-са-ған, ша-ниң а-тас қи-ниң-наң  
 жан-жа-ркы-шын ах-са-ған, жак-станың-ниң ах-еэ-ған.

## МАЗМҰНЫ

Қағазға тамған көз жасы (Алғысөз орнына)	3
Наурыз күнгі ой	4
Әлі де күтем	5
Қамығу	7
Әлі де жылауменен өтемісің?!.	8
Өз анамдай сағынғасын	10
Жалтақтап балаларыма...	12
Ойламаймын өзімді...	13
Болдым ата, нағашы	15
Жиен әсері	17
Алла қоста	18
Елу жеті жасқа толғанда	19
Ой жинағы	21
Алмазым жиырма жаста!	22
Таусылар бұл өмір де...	25
Құрдасыма	26
Сәттай аға!	27
Үмен-ай!..	30
Жиенім үйге келгенде	32
Жаңа жыл	33
Бағыланға	35
Бажа толды алпысқа	36
Атындан айналайын, Майра женгей	38
Көнессің де, қоясың-ай	40
Ұлыма наз	41
Қайран, Фалиям-ай!..	43
Бауырға наз	45
Аға-женғемнің назына жауап	46
Ризамын Фалияма	48
Шыдамды болсан жарайсын...	49
Күләш апайға	51
Бауырыма	52
Откенімше өмірден...	55

Үйленсең ғой, құлымын!	57
Қалай қиып (Сұлтановтарға)	59
Елу үшке толғанда	61
Сақыпжамал ағаға	63
Қия алмадым	65
Зарығамын бір үніңе...	66
Өз өмірін өзіне қимаганың...	67
Жанымға еріп жүргендей	68
Өмірдің бары, жоғы осы ма?	69
Елу сегіз	70
Ұлым жиырма бірде!..	72
Елу бескес келер ең!	74
Айеке!	76
Енді үзілмей жан өзегі	78
Бір куанып, бір өкінген – өмір-ай!..	79
 АРНАУ, ТІЛЕКТЕР	81
Жігіттің нары өзінсің	82
Сансызбай Алпысбайұлына!	84
Тойға шашу (“Алабота” АҚ директоры	
С. Алпысбаевқа және жиналғандарға	
осы шаруашылықтың 70-жылдық тойында оқылды)	85
Өмірің алда, Алмазым!	87
Ел ағасы Сансызбайға	88
 ӘНМЕН ЖАЛҒАДЫМ ҒҰМЫРЫНДЫ	89
Фалия	90
Жан жарыңмын ансаған	92

## Сансызбай Алпысбайұлы

Бір қуанып,  
бір өкінген өмір-ай!..  
(шерлі көңіл сыры)

Редакторы: Жабал Ергалиев  
Құрастырушы: Жұмабике Кутербекова  
Корректоры: Раушан Омарова

Басуға 14.01.2005 жылы қол қойылды.  
Қалыбы 1/16. Офсеттік басылу.  
Таралымы 300/56. Тапсырыс 210.

Кітап «Көкше-Полиграфия»  
акционерлік қоғамында басылды.  
475000, Көкшетау қаласы,  
Еркін Әүслебеков атындағы көше, 98.